«МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ

М.М.САБИТБЕКОВА, Л.Ж.МОЛДАШЕВА, А.У.КАНЛЫБАЕВА

# Қазақ тілі

## (А1 деңгей)

## оқу құралы



Ақтөбе-2021

УДК 811.512.122:387.146(075.8)
ББК 81-923
С12

Сабитбекова М.М., Молдашева Л.Ж., Канлыбаева А.У Қазақ тілі. Оқу құралы / БҚМУ, - Ақтөбе, 2021. -63 б.

Авторлар:
Сабитбекова М.М. – қазақ тілі мен әдебиеті магистрі, Марат Оспанов атындағы БҚМУ аға оқытушысы
Молдашева Л.Ж. – филология магистрі, Марат Оспанов атындағы БҚМУ оқытушысы
Канлыбаева А.У. – гуманитарлық ғыдымдар магистрі, Марат Оспанов атындағы БҚМУ аға оқытушысы

Рецензенттер:
1. Садирова Күлзат Қаниқызы – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, ф.ғ.д., профессор
2. Ерменова Куланда Қалдановна – Марат Оспанов атындағы БҚМУ, аға оқытушы

Қазақ тілін А1 деңгейде үйренуге арналған оқу құралы он бес грамматикалық және лексикалық тақырыпты қамтиды. Оқу құралында оқу, тыңдау, мазмұндау, жазу, сөйлеу қабілеттерін дамытуға арналған материалдар берілген. Оқу құралы қазақ тілін қарапайым деңгейден бастап үйренушілерге арналған.

Марат Оспанов атындағы БҚМУ Академиялық кеңесінде оқу құралы ретінде бекітілді және басылымға рұқсат берілді (2021 жылғы «16» 06 №7 хаттамасы)

©
© Сабитбекова М.М., Молдашева Л.Ж.,
Канлыбаева А.У., 2021.

# АЛҒЫСӨЗ

Мемлекеттік тілді нәтижелі оқыту жолында тіл үйретушілер тарапынан озық іс-тәжірибелерімен бөлісу де, сапалы оқу құралдарын шығару да - аталған мәселені шешу жолындағы бірден бір шара.

Тіл үйрету әдіс-тәсілдерін жетілдірумен қай ғасырдың болмасын педагогтері мен ғалымдары айналысып келді, әлі де талай ғалымдар мен ұстаздардың айналысатын ғылым саласы бола бермек. Ұлы ағартушы Ы.Алтынсариннің орыс тілін үйрету әдістері, осы ретте «Қалай оқытамын? Неден бастаймын?» деген сұрақтарға жауап іздеуі тіл үйрету жолында қашан да маңыздылығын жойған жоқ.

Осы оқу құралы Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт бойынша жоғары оқу орындарында міндетті пән болып оқытылатын Қазақ тілінің Типтік оқу бағдарламасы бойынша берілген тақырыптар негізінде дайындалды. Шетелдік студенттерге, яғни қазақ тілінің А1 деңгейі бойынша тіл үйренушілерге арналған оқу құралы он бес тақырыпты қамтиды. Әр тақырып барысында тіл үйренушілерге практикалық сабақтар мен оқытушы басшылығымен студенттердің өзіндік жұмыстарында орындайтын тапсырмалар бөлек берілген. Тақырыпты меңгеру барысында лексикалық тақырыптарға байланысты мәтіндер, диалогтер, түрлі жаттығулар қамтылған. Грамматикалық тақырыптар да көбіне мысалдармен, суреттермен берілген. Сонымен қатар оқу құралын құрастыру барысында шетелдік білім алушыларға ыңғайлы болу үшін грамматикалық анықтамалар, тапсырмалардың шарттары қазақ және ағылшын тілдерінде қатар берілген. Әр сабақтың мәтіндері мен тапсырмаларынан кейін сөздік бар.

Осы оқу құралы мазмұны мен құрылымы бойынша тіл үйренушінің қазақ тілін қарапайым деңгейде меңгеруіне, оқытушылардың тіл үйренушілердің тілді игеру деңгейін анықтауына және бағалауына мүмкіндік беретін құралдардың бірі болары сөзсіз.

Оқу құралы тіл үйренушілердің коммуникативтік, тілдік және мәденитанушылық құзыреттіліктерін қалыптастыруға және жетілдіруге бағытталған.

## *№1: Танысу (Acquaintance) Introduction*

**ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ**

Танысу. Сәлемдесу. Амандық сұрасу. Қазақ әліпбиі.Қазақ дыбыстарының айтылуы мен жазылуы.

Introduction. Greeting. Kazakh alphabet. Expression and pronunciation of Kazakh sounds.



**1-тапсырма.** Оқытушы көмегімен оқыңыз, қайталаңыз (listen and repeat after the teacher)

| |
|---|
| Modern Kazakh alphabet is based on Cyrillic alphabet. There are 42 letters in the Kazakh alphabet. The letters **в, ё, ф, ц, ч, щ, ю, я** are used only in the words borrowed from the Russian language. Two letters **ь** (sign of softness)**, ъ** (sign of separation) don't have any meanings and are met only in borrowed words. They are used to show softness and hardness of consonants in the borrowed Russian words.In the Kazakh language the consonants are fully under the impact of vowels and that is why the consonants which are used with hard vowels become hard ones and the consonants which are used with soft vowels become soft. |

**2-тапсырма.** Оқытушы көмегімен оқыңыз, қайталаңыз (Listen and repeat after the teacher).

**Сәлемдесу (Greeting)**

– *Сәлеметсіз бе?* – How do you do!
– *Сәлеметсіңбе?* – Hello (informal form)
– *Қайырлы күн!* – Good afternoon! Good day!
– *Сәлем!* – Hello! (greeting friends, informal)
– *Қал(ың) (қалыңыз) қалай?* – How are you?
– *Денсаулығың қалай(денсаулығыңыз)?* –How is your health?
– *Рақмет, жақсы* – Thanks, good.
– *Жаман емес* – Not bad.
– *Өте жақсы* – Fine.
– *Ақырындап* – So, so.
– *Бәрі жақсы* – Very well.
– *Тамаша!* –Wonderful!

**3-тапсырма.** Диалогті толықтырыңыз (Complete the dialogue).

– Сәлеметсің бе?
– ...
– Қалың қалай?
– ...
– Денсаулығың қалай?
– ...

**4- тапсырма.** Сөздерді оқып, жаттап алыңыз. Жатқа жазыңыз (Read and learn the words, write by memory)

Сәлем, жақсы, қалың қалай, тамаша, денсаулық, рахмет, өте жақсы, жаман емес, тақта, есік, терезе, мұғалім, аш, жап, қалам, дәптер, кітап, отыр, тұр, сенің, атың, кім, менің, қайдан, келдім, сен, көп

**5-тапсырма.** Сұраққа жауап беріңіз (Answer the question).

Бұл кім?



Әже



Ата

Бұл кім?



Отбасы. Әке, ана, қыз, ұл

**6-тапсырма.** Сөздерді бірнеше рет қайталаңыз. Жатқа жазыңыз. (Repeat the words, write by memory)

Отбасы, ата, әже, әке, ана, ұл, қыз.

**7-тапсырма.** Диалогті оқыңыз. Жолдасыңызбен сөйлесіңіз (Read the dialogue, speak to a friend).

– Сенің атың кім? (атың кім?)
– Менің атым Бали (Бали)
– Сен қайдан келдің? (қайдан келдің?)
– Мен Үндістаннан келдім (Үндістаннан)
– Сен қайда оқисың? (қайда оқисың?)
– Мен университетте оқимын (университетте)
– Мұнда шетел студенттері көп пе? (шетел студенттері көп пе?)
– Мұнда шетел студенттері көп (иә, көп; жоқ, көп емес)

**8-тапсырма.** Диалог құрыңыз (Compose a dialogue).

– Сәлеметсің бе?
– ...
– Қалың қалай?
– ...
– Сенің атың кім?
– ...
– Сенің атың кім?
– ...
– Денсаулығың қалай?
– ...
– Сен қайдан келдің?
– ...
– Сен қайда оқисың?
– ...

**9-тапсырма.** Үлестірме карточкамен жұмыс. Диалог құрыңыз (Work with cards. Compose a dialogue).

| | | | |
|---|---|---|---|
| - Сәлем! | - Көңіл-күйің қалай? | - Сен қайдан келдің? | - Рахмет, жақсы. |
| - Жаман емес.<br>- Жақсы.<br>- Тамаша! | - Менің атым Нарасима. | - Үндістаннан | - Сен қайда оқисың? |
| - Қал(ың) қалай? | - Денсаулығың қалай? | - Сәлеметсің бе? | - Сенің атың кім? |
| Мен университетте оқимын (университетте) | | | |

## Оқытушы басшылығымен студенттердің өзіндік жұмысы

Танысу. Қоштасу. Жіктеу есімдіктері.

Farewell. Goodbye. Personal pronouns.

**1-тапсырма.** Мына сұрақтарға жазбаша жауап беріңіз
(Answer these questions in the written form).

Бұл не? 

Бұл не? 

Бұл кім? 

Бұл кім? 

Бұл кім? 

Бұл не? 

**2-тапсырма.** Мына сұрақтарға жауап беріңіздер (Answer these questions).

- Бұл не? (What is it?)
- Бұл (тақта, ата, үй, бөлме, орындық) (It is ...)
- Бұл кім?
- Бұл (ата, әже, әке, ана, ұл, қыз, дос)

**3-тапсырма.** Диалогті толықтырыңыз (Complete the dialogue).

- Сәлеметсіз бе?
- ...
- Сәлем!
- Қалың қалай?
- ...

– Денсаулығың қалай?
– ...
– Сенің атың кім?
– Менің атым ...
– Сен қайдан келдің?
– ...
– Сен қайда оқисың?
– Мен университетте оқимын (университетте)

**4-тапсырма.** Сөздерге сұрақ қойыңыз (Put questions to the words).

Отбасы, ата, әже, әке, ана, ұл, қыз, орындық, бөлме, үй, тақта, есік, терезе, мұғалім, қалам, дәптер.

**5-тапсырма.** Қазақ әліпбиін жатқа айтыңыз, жазыңыз. (Learn the Kazakh alphabet by heart, say and write).

**6- тапсырма.** Суретпен тапсырма орындау. Сұрақ қойып, жауап беріңіз (Do exercise with a picture. Put the questions and answer them).










## №2: Мен және қоршаған орта (I and the environment)

### ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ

Өзім туралы. Өзі, туыстары туралы. Дыбыстардың жіктелуі.
About me. Classification of sounds.

**1-тапсырма.** Оқытушы көмегімен оқыңыз, қайталаңыз (listen and repeat after the teacher)

Қазақ тілінде 12 дауысты дыбыс (vowel sounds) бар: *а, ә, е, и, о, ө, ұ, ү, у, ы, і, э*
Қазақ тілінде 26 дауыссыз дыбыс (consonant sounds) бар: *б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, у, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ*.

**2-тапсырма.** Оқытушы көмегімен оқыңыз, қайталаңыз (listen and repeat after the teacher).

| | |
|---|---|
| отбасы | іні, |
| ата, | тату |
| әже, | үй, |
| әке, | менің, |
| ана, | сенің, |
| бала, | қалада, |
| ұл, | ауылда, |
| қыз, | тұрамын, |
| апа, | тұрамыз, |
| аға, | бар ма, |
| қарындас, | бар |

**3- тапсырма.** Диалогті толықтырыңыз (Complete the dialogue).

– Сәлеметсің бе?
– ...
– Қалың қалай?
– ...
– Сен қайда оқисың?
– ...
– Сенің отбасың бар ма?
– Бар.
– Қайда тұрасыңдар?
– Үндістанда.
– Әкең (атаң, әжең, апаң, ағаң, қарындасың) бар ма?
– ...
– Сен қалада тұрасың ба?

– Жоқ, ауылда тұрамын (Иә, қалада тұрамын).

**4- тапсырма.** Сөздер мен сөйлемдерді оқып, жаттап алыңыз. Жатқа жазыңыз (read and learn the words).

Сенің отбасың бар ма? Қайда тұрасыңдар? Сен қалада тұрасың ба? Жоқ, ауылда тұрамын (Иә, қалада тұрамын).

**5-тапсырма.** Сұраққа жауап беріңіз (answer the question).

Бұл кім?







Менің әжем Менің атам Менің отбасым. Менің әкем, анам, інім, қарындасым

**6-тапсырма.** Үлестірме карточкамен жұмыс (work with cards).

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Менің | қызыңыз | қызым | қызың | атаңыз |
| Сенің | атасы | әкем | үйі | әкеңіз |
| Сіздің | әкең | үйің | әкесі | қызы |
| Оның | атам | үйім | үйіңіз | атаң |

**7-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңіз (Answer the questions).

- Сәлеметсің бе?
- ...
- Қалың қалай?
- ...
- Сенің атың кім?
- ...
- Сенің атың кім?
- ...
- Денсаулығың қалай?
- ...
- Сен қайдан келдің?
- ...
- Сен қайда оқисың?
- ...

**8-тапсырма.** Сұрақ қойыңыз (Ask the questions).



## Оқытушы басшылығымен студенттердің өзіндік жұмысы

Туған жері, отбасы, отбасы мүшелері туралы. Үндестікзаңы.

About the place of birth, family, about family members.The law of consensus.

**1-тапсырма.** Мәтінді оқып, жаттап алыңыз (Read the text and memorize it).

Менің атым – ... . Мен Үндістаннан келдім. Ақтөбеде оқып жатырмын. Мен Мумбайда тұрамын. Менің отбасым үлкен. Отбасымда атам, әжем, әкем, анам және 4 бала бармыз. 2 ағам, бір інім және бір қарындасым бар. Біз тату тұрамыз.

**2-тапсырма**. Тапсырманы орындаңыз (Complete the task).

| | | | |
|---|---|---|---|
| Менің | ата... | Менің | қыз... |
| Сенің | әже... | Сенің | үй... |
| Сіздің | әке... | Сіздің | іні... |
| Оның | ата... | Оның | ана... |

**3-тапсырма.** Мына сұрақтарға жазбаша жауап беріңіз (Answer these questions in the written form).

Бұл не? This is my house.

Бұл кім? This is my father. This is my mother. This is my younger sister. This is my brother. This is my younger brother.

**4-тапсырма**. Мына сұрақтарға жауап беріңіз (Answer these questions).

- Бұл не? (What is it?)

- Бұл (тақта, ата, үй, бөлме, орындық, ). It is (a blackboard, a grandfather, a house, a room, a chair)

- Бұл кім?

- Бұл (ата, әже, әке, ана, ұл, қыз, дос)

**5-тапсырма**. Дұрыс келетін сөзді қойыңыз (Insert the correct words).

Дәрігер - doctor, инженер - engineer, мұғалім - teacher, аспаз - cook, студент – student, сатушы - seller

Менің әкем дәрігер (My father is a doctor).

Менің анам ...
Менің әжем ...
Сенің ағаң ...
Сенің атаң ...
Сіздің апаңыз ...
Сіздің ағаңыз ...
Оның інісі ...
Оның баласы ...

## *№3: Оқу орны (Educational institution)*

## ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ

Менің университетім. Зат есімнің жіктелуі. Көптік жалғаулары.
My university. Classification of nouns. Plural endings.

In the Kazakh language to connect a subject and a predicate by its persons and numbers there are some endings. They are called personal endings. Personal endings are added by the law of harmony. Personal endings of the first person singular **-мын, -мін, -бын, -бін, -пын, -пін;** of the second person in simple way **-сың, -сің;** in polite way **-сыз, -сіз**.In the Kazakh language in the third person there are no endings.

**-мын, -мін** (after vowels (**а, о, ы, і, е**), and after sonorantй, **р,у, м, л, н, ң**.For example: мен оқушы+мын (I am a student); мен әнші+мін (I am a singer); мен татар+мын (I am Tatar); мен монғол+мын (I am Mongol); мен ағылшын+мын (I am an Englishman).

**-бын, -бін** (after з). For example: Мен қырғызбын (I am Kyrgyz).

**-пын, -пін** (after voiceless (**п, к, қ, т, ш, с**) after voiced (**б, в, г, д**): For example: Мен үндіс+пін (I am Indian).

**1-тапсырма.** Жазып алыңыз (Write down the words).

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| I | Мен | дәрігер-мін | сатушы-мын | қазақ-пын | үндіс-пін |
| II | Сен | дәрігер-сің | сатушы-сың | қазақ-сың | үндіс-сің |
| | Сіз | дәрігер-сіз | сатушы-сыз | қазақ-сыз | үндіс-сіз |
| III | Ол | дәрігер | сатушы | қазақ | үндіс |

**2-тапсырма.** Кестені толтырыңыз (Complete the table).

| | | |
|---|---|---|
| I | Мен | студент.... |
| II | Сен | студент.... |
| | Сіз | студент.... |
| III | Ол | студент.... |

**3-тапсырма.** Мәтінді оқыңыз, мазмұнын айтуға жаттығыңыз. (Read the text, practice telling the content of the text).

### Біздің университет (Our university)



Мен Үндістаннан келдім. Қазір мен Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінде оқимын. Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті 1957 жылы ашылды. Университетте жалпы медицина, стоматология, фармацевтика, қоғамдық денсаулық сақтау, мейіргер ісі және әскери медицина факультеттері бар. Университеттің оқу ғимараттары, асханасы, бай кітапханасы, қолайлы жатақханалары бар. Медицина университетінде оқу маған ұнайды.

### Сөздік

*бай кітапхана* – a big library
*білім алу* –to get knowledge
*қоғамдық денсаулық сақтау* – public health care
*мейіргер ісі* – nursing
*әскери медицина* – military medicine
*қолайлы жатақхана* – comfortable hostel

**4-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңіз (Answer the questions).

- Менің атым – Ахмет. Мен студентпін. Сен кімсің?
- Менің атым – .... Мен ....
- Тамаша. Мынау кім?
- Ол ...
- Оның аты кім?
- ...

**5-тапсырма.** Сөздер мен сөз тіркестерінің жазылуын есте сақтаңыз. Кестені толтырыңыз (Practice writing of the following words and word-combinations. Fill in the table).

сатушымын, сатушысың, сатушысыз, сатушы, стоматологпын, стоматологсың, стоматологсыз, стоматолог.

| | | | |
|---|---|---|---|
| I | Мен | | |
| II | Сен | | |
| | Сіз | | |
| III | Ол | | |

**6-тапсырма.** Сөздер мен сөз тіркестерінің жазылуын есте сақтаңыз. Кестені толтырыңыз (Practice writing of the following words and word-combinations. Fill in the table).

сатушы, стоматолог

| + | - **-** емес |
|---|---|
| Мен ...... | Мен .......... емеспін. |
| Сен ...... | Сен ............. емессің. |
| Сіз ....... | Сіз ............. емессіз. |
| Ол ....... | Ол ............ емес. |

**7-тапсырма.** Үлгіні жаттап алыңыз (Learn the example).

| | | | |
|---|---|---|---|
| I | Мен дәрігер емеспін, | ұстаз емеспін, | әнші емеспін. |
| II | Сен дәрігер емессің, | ұстаз емессің, | әнші емессің. |
| | Сіз дәрігер емессіз, | ұстаз емессіз, | әнші ем ессіз. |
| III | Ол дәрігер емес, | ұстаз емес, | әнші емес. |

**8-тапсырма.** Үлгіге қарап, диалог құрыңыз (Compose the dialogue based on the example).

- Сен дәрігерсің бе,  бе?



- Мен емеспін, студентпін.
- Сен студентсің бе, оқушысың ба?
- Мен студент емеспін, оқушымын.

**9-тапсырма.** Жіктік жалғауын жалғаңыз (Use personal endings).

1. Мен қазақ емес..., тәжік...
2. Сен қазақ емес..., тәжік...
 Сіз қазақ емес..., тәжік...
3. Ол – қазақ емес, тәжік...

## Оқытушы басшылығымен студенттердің өзіндік жұмысы

Тобы, достары туралы әңгімелеу. Зат есімнің тәуелденуі.

Talk about group, friends. Possessive case of nouns.

**1-тапсырма.** Мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап беріңіз (Answer the questions on the text).

- Сен қазір қайда оқисың?
- Марат Оспанов атындағы БҚМУ қашан ашылды? (When was West Kazakhstan Marat Ospanov Medical University established?)
- Университетте қандай факультеттер бар?
- Университетте жақсы білім алуға жағдай жасалған ба? (Are there any conditions to get good knowledge at the university?)

**Көптік жалғау (Plural form)**

To show the number of things the special endings are added. They are called endings of plural forms. In the Kazakh language the addition of the endings depends on the syllable in the word being hard, soft and it depends on the last syllable. For example:

**-лар, -лер** (after vowels (**а, о, ы, і, е**), after sonorant **й, р, у**): бала+лар (child); көше-лер (streets); қой+лар (rams); үй+лер (houses); тау+лар (mountains); кісі+лер (men).

**-дар, -дер** (after voiced and after sonorant (**л, м, н, ң, з**)): еден+дер (floor); кілем+дер (carpet); қалам+дар (pen); шаң-дар (dust); қыз+дар (girl).

**-тар, -тер** (after voiceless (**п, к, қ, т, ш, с**) after voiced (**б, в, г, д**): мектеп+тер (school); кітап-тар (book); жүрек+тер (heart); сабақ+тар (lesson); ит+тер (dog); бас+тар (head); араб+тар (arab); педагог+тар (teacher); завод+тар (plant).

**2-тапсырма** Мына сөздерге көптік жалғауларын жалғаңыз (Add the endings of plural form to these words).

Бала (a boy) дәптер(a notebook) кітап (a book), орындық (a chair), сұрақ (a question), қала (a city, town), мағына (an idea), қарындаш (a pencil), қалам (a pen), жұмыс (work), дәрігер(a doctor)

Көптік жалғаулары (plural endings)

**-лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер**

(қалам-дар, гүл-дер, бала-лар, терезе-лер,

орындық-тар, студент-тер)

10 қалам~~дар~~;

4 терезе~~лер~~;

**20 СТУДЕНТ~~ТЕР~~**



орындық



орындықтар

**3-тапсырма.** Диалогты ағылшын тіліне аударыңыз (Translate this dialogue into English).

- Бөлмеде неше үстел бар?
- Бөлмеде 6 (алты) үстел бар.
- Бөлмеде неше орындық бар?
- Бөлмеде 12 (он екі) орындық бар.
- Бөлмеде неше тақта бар?
- Бөлмеде 1(бір) тақта бар.

**4-тапсырма.**Сөйлемдерді ағылшын тіліне аударыңыз (Translate the sentences into English).

1. Дәрісханада он жеті (17) орындық, тоғыз (9) үстел бар. 2. Біздің топта он сегіз (18) студент бар. 3. Мен бірінші (1) курста оқимын. 3. Сен төртінші (4) қабатта, елу тоғызыншы (59) бөлмеде тұрасың. 4. Сен үшінші қабатта тұрасың ба? 5. Біздің топта төрт (4) қыз, алты (6) жігіт оқиды.

**Сөздік**

*дәрісхана* – lecture hall
*біздің* – our
*топта* – in a group
*бірінші қабат* – first floor
*тұр(у)* – 1.live; 2.to stand
*жігіт* – a boy

**5-тапсырма.** Сөздерді оқып, жаттап алыңыз. Жатқа жазыңыз (Read and learn the words. Write them down).

| | | | |
|---|---|---|---|
| Менің бала-м (My child) | Менің ұл-ым (My son) | Менің әже-м (My grandmother) | Менің әке-м (My father) |
| Сенің балаң (Your child) | Сенің ұл-ың | Сенің әже-ң | Сенің әке-ң |
| Сіздің бала-ңыз (Your child) | Сіздің ұл-ыңыз | Сіздің әже-ңіз | Сіздің әке-ңіз |
| Оның бала-сы (His/her child) | Оның ұл-ы | Оның әже-сі | Оның әке-сі |

## №4: Туған жерге саяхат (Traveling to the native land)

### ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ

Менің өлкем. Жалпы және жалқы есімдер.
My country. Common and proper nouns.

Common and proper nouns
Жалпы есімдер,мысалы: *ағаш, ас, бас, бала, ет, дала, су, кеңсе*
Жалқы есімдер, мысалы: адам аттары (*Асқар, Санджи, Махсутхан,* т. б.)
географиялық атаулар (*Алатау, Гималай, Іле, Ертіс* т. б.)
қала, көше, алаң аттары (*Ақтөбе, Абай көшесі, Қазақстан Республикасы,* т. б.)

**Кім?** -*адам аттары - Асқар, Санджи, Махсутхан*
**Не?** - географиялық атаулар (*Алатау, Гималай, Іле, Ертіс* т. б.)
- қала, көше, алаң аттары (*Ақтөбе, Абай көшесі, Қазақстан Республикасы,* т. б.)

**1-тапсырма.** Жалпы және жалқы есімдерге мысалдар жазыңыз (Write the examples of proper and common nouns).

Кім? - ...., ...., ...
Не? - ..., ..., ...

**2-тапсырма.** Мәтінді мәнерлеп оқыңыз. Сөздікті жазып, жаттап алыңыз (Read the text with proper intonation. Write down the vocabulary and learn it by heart).

**Туған өлкем**



Менің атым – Мамта. Мен Үндістаннан келдім. Үндістан Республикасының астанасы — Дели (Нью Дели) қаласы. Халқы 1 млрд. 33 млн. (бір миллиард отыз үш миллион). Ресми тілдері — хинди және ағылшын, сондай-ақ штаттарда 18 тіл ресми болып есептеледі. Ірі қалалары: Калькутта, Мумбаи, Дели, Джайпур. Ұлттық мейрамдары: Республика күні 26 қаңтарда және Тәуелсіздік күні15 тамызда. Ақша бірлігі — үндістан рупийі.

**Сөздік**

*астана* – capital
*халық* – population
*ресми* – official
*мейрам* – holiday
*тәуелсіздік* – independence
*ұлттық* – national
*ақша* – money, currency

**3-тапсырма.**Мәтіннен жалқы және жалпы есімдерді теріп жазыңыз. Find common and proper nouns in the text.

**4-тапсырма.** Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз. Answer the questions on the text.

- Сенің атың кім?
- Сен қайдан келдің?
- Үндістанның астанасы қай қала?
- Халқының саны қанша?
- Ресми тілдері қандай тілдер?
- Ірі қалаларынң атаңыз.
- Қандай ұлттық мейрамдары бар?
- Үндістанның ақшасы қалай аталады?

**5-тапсырма.** Көшіріп жазыңыз, жалпы және жалқы есімдерге сұрақ қойыңыз (Copy the text and put questions to the common and proper nouns).

Ганг, Брахмапутра, Нарбада, Маханади – Үндістанның үлкен өзендері. Бұл елде үнді пілі, жолбарыс, гималай аюы көп. Гималай тауында Джомолунгма шыңы орналасқан. Үнді әйелдерінің ұлттық киімі – сари.

**Сөздік**

*өзен* – a river
*киім* – clothes
*аю* – a bear
*жолбарыс* –a tiger
*тау* – a mountain
*шың* – a peak
*әйел* – a woman

## Оқытушы басшылығымен студенттердің өзіндік жұмысы

Менің өлкем. *Қазақ тілінде қосымшалардың жалғану реті: түбір+жұрнақ+жалғау*

My country. Word-formation. The order of word-formation: root+suffix+ending

| Атау | кім? не? | | *Хан, өзен, астана* |
|---|---|---|---|
| Ілік | кімнің? ненің? | –ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің | *Хан*-ның, өзен-нің, астана-ның |
| Барыс | кімге? неге? қайда? | –ға, -ге, -қа, -ке | *Хан*-ға, өзен-ге, астана-ға |
| Табыс | кімді? нені? | -ны, -ні, -ды, -ді, -ты, -ті | *Хан*-ды, өзен-ді, астана-ны |
| Жатыс | кімде? неде? қайда? | –да, -де, -та, -те | *Хан*-да, өзен-де, астана-да |
| Шығыс | кімнен? неден? қайдан? | –нан, -нен, -тан, -тен, -дан, -ден | *Хан*-нан, өзен-нен, астана-дан |
| Көмектес | кіммен? немен? | –мен, -бен, -пен | *Хан*-мен, өзен-мен, астана-мен |

**1-тапсырма.**Сөздерге сұрақ қойып, қай септікте тұрғанын анықтаңыз (Put the question to the words and determine the case of nouns).

Тілдің, астанаға, Үндістаннан, тауда, әйелдердің, ұшақпен, Қазақстан, өзенді, Калькуттадан.

**2-тапсырма.** Сөздердің сыңарын табыңыз (Match the words).

Менің астанасы
Ұлттық өзен
Үндістанның киім
Үлкен бірлігі
Ұлттық атым
Ақша тауы
Гималай мейрамдары

**3-тапсырма.** Мәтінді негізге ала отырып, сөйлемдерді дұрыс құрыңыз (Make up correct sentences based on the text). Мен Үндістаннан есептеледі. **Үндістан Республикасы**ның астанасы — қаласы. Халқы Республика күні 26 қаңтарда және Тәуелсіздік күні 15 тамызда, 1 млрд. 33 млн. (бір миллиард отыз үш миллион). Ресми тілдері — үндістан рупийі, Ірі қалалары: хинди және ағылшын. Ұлттық мейрамдары: Калькутта, Мумбаи, Дели,Джайпур. Ақша бірлігі — Дели (Нью Дели).

**4-тапсырма.** «Туған өлкем» мәтінін жатқа айту.

# №5: *Кітапханада (At the library)*

## ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ

Қоғамдық орындар: Кітапхана. Зат есімнің септелуі.
Public Places: Library. Cases of Nouns.

**1-тапсырма.** Кестені негізге ала отырып, берілген сөздерді септеңіз (Inflect the following nouns for cases, using the table).

| Атау | кім? не? | | *тіл* | *кітап* | *кітапхана* |
|---|---|---|---|---|---|
| Ілік | кімнің? ненің? | –ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің | | | |
| Барыс | кімге? неге? қайда? | –ға, -ге, -қа, -ке | | | |
| Табыс | кімді? нені? | -ны, -ні, -ды, -ді, -ты, -ті | | | |
| Жатыс | кімде? неде? қайда? | –да, -де, -та, -те | | | |
| Шығыс | кімнен? неден? қайдан? | -нан, -нен, -тан, -тен, -дан, -ден | | | |
| Көмектес | кіммен? немен? | -мен, -бен, -пен | | | |

**2-тапсырма.** Көшіріп жазып,қарамен жазылған сөздерге сұрақ қойыңыз (Write down the sentences and put questions to the words in bold type).

1. Мен сағат онда кітапханаға барамын. 2. Біз жатақханада тұрамыз. 3. Біз Делиден келдік. 4. Манодж кітапты Асланға берді.

**3-тапсырма.** Мәтінді мәнерлеп оқыңыз. Сөздікті жазып, жаттап алыңыз (Read the text with proper intonation. Write down the vocabulary and learn it by heart).

### Кітапханада



Біз Қазақстанда, Марат Оспанов атындағы медицина университетінде оқимыз. Сабақтар ағылшын тілінде өтеді. Университеттің кітапханасы өте бай. Мұнда қазақ, орыс, ағылшын тілінде медициналық оқулықтар көп.

Кітапханада электрондық кітапхана залы, оқу залы, абоненттік бөлім бар.

Кітапханашылар бізге қажет кітапты тауып береді. Кітапхананың іші жылы, жайлы және жарық.

**Сөздік**

*бай* – rich
*тауып бер(у)* –to find
*тап (табу)* – find
*медициналық оқулықтар* – medical textbooks
*электрондық кітапхана* – electronic library
*қажетті кітап* – necessary book

**4-тапсырма.** Мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап беріңіздер (Translate a text. Answer the questions on the text).




- Сендер) қайда оқисыңдар?
- Сабақтар қай тілде өтеді?
-Медицина университетінің кітапханасы қандай?
- Кітапханада қандай тілдердегі оқулықтар бар? (What languages are there the textbooks in the library?)
- Кітапханада қандай залдар, қандай бөлімдер бар? (What halls, what departmnts are there in the library?)
- Қажетті кітапты кімдер тауып береді?Who finds necessary books?
- Кітапхана қандай? What kind of library is it?

## Оқытушы басшылығымен студенттердің өзіндік жұмысы

Қоғамдық орындар: кітапхана. Атау, ілік және барыс септіктері.

Public Places: Library. Ablative case. Nominative, genitive, dative cases.Атау, ілік және барыс септіктері.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Атау | кім? не? | | *кітап* | *қалам* | *дос* |
| Ілік | кімнің? ненің? | –ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің | | | |
| Барыс | кімге? неге? | -ға, -ге, -қа, -ке | | | |

**1-тапсырма.** Сөздерге сұрақ қойыңыз (Put questions to the words).
Кітапхана, кітапхананың, кітапханаға
Студент, студенттің, студентке
Манодж, Маноджның, Маноджға
Жатақхана, жатақхананың, жатақханаға
Ақтөбе, Ақтөбенің, Ақтөбеге

**2-тапсырма.**Сөздерді сәйкестендіріңіз (Match the words).

| | |
|---|---|
| университет | -қа |
| кітапханашы | -тың |
| оқулық | -ның |
| кітап | -тің |
| кітапхана | -ке |
| студент | -ға |

**3-тапсырма.** Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойыңыз (Insert the correct words).

Біз Қазақстанда ..... . Сабақтар .... тілінде өтеді. Университеттің кітапханасы ....... . Мұнда қазақ, орыс, ағылшын тілінде медициналық ........... көп. ............. электрондық кітапхана залы, оқу залы, абоненттік бөлім бар. Кітапханашылар бізге қажет ....... тауып береді. Кітапхананың іші ......... .

**4-тапсырма.** Мәтін бойынша он сөзді жатқа жазыңыз. (Learn and write 10 words from the text).

**5-тапсырма.** Сөздерді септеңіз (Inflect the words for cases).
дәптер, қалам, адам

## *№6: Менің мекенжайым (My address)*

## ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ

Үй, пәтер, бұйымдардың аталуы. Сын есімдер.
Home, apartment, name of products (furniture). Adjective.

***Сын есім (Adjective)***

*Adjectives reflect appearance, quality,size of something. In Kazakh adjectives answer the questions қандай? қай?(what?,what kind of?) For example: Бұл – жақсы бөлме (This is a good room). Менде қызыл қалам бар (I have a red pen).*

*When adjective comes before noun it works as determinant. For example: Суати – жақсы студент (Suaty is a good student). Терезенің алдында биік ағаш өсіп тұр (There is a tall tree in front of the window).*

**1-тапсырма.** Сын есімдерді жазыңыз, жаттап алыңыз (Write down the adjectives and learn them by heart).

Ақ, қызыл, сары, көк, қара, жасыл, қоңыр, күлгін, жылы, салқын, жарық, қараңғы, үлкен, кіші, жайлы, жақсы, жаман, таза, лас, ауыр, жеңіл, ыстық, суық, ұзын, қысқа, жаңа, ескі.

**2-тапсырма.** Мәтін бойынша тапсырмалар (Tasks):

**-** Мәтінді мәнерлеп оқыңыз; Read the text with proper intonation.

**-** Сын есімдерді табыңыз; Find adjectives.

**-** Оларға сұрақ қойыңыз; Put questions to the adjectives.

**-** Сөздікті жазып, жаттап алыңыз; Write down the adjectives and learn them by heart.

**-** Сұрақтарға жауап беріңіз. Answer the questions.

**Менің бөлмем (My room)**



Мен Үндістаннан келдім. Мен Қазақстанда медицина университетінде бірінші курста оқимын. Мен жатақханада тұрамын. Жатақханамыз үлкен және жайлы. Біз сабаққа жаяу барамыз. Сабақтан соң жатақханаға қайтамыз. Мен 1-жатақханада 63-бөлмеде тұрамын. Бөлмем жылы, жарық және үлкен. Біз бір бөлмеде төрт адам тұрамыз: мен, Дженифер, Шивани және Арчана. Біздің бөлмеде төрт төсек, екі үстел, төрт орындық бар.

**Сөздік**

| | |
|---|---|
| *төсек* – a bed | *бірге тұрамыз* – live together |
| *үстел* – a table | *жарық* – light |
| *орындық* – a chair | *жылы* – warm |
| *тұрамыз* – live | *жатақханаға қайтамыз* –to go to a hostel |
| *жаяу барамыз* – on foot | |

- Сен қайдан келдің? Where are you from?
- Қазір қайда оқисың? Where do you study?
- Сендер сабаққа қалай барасыңдар? (How do you get to the university?)
- Жатақхана қандай? What kind of hostel is it?
- Сабақтан соң қайда барасыңдар? Where do you go after lessons?
- Сен қай жатақханада және қай бөлмеде тұрасың? What hostel do you live in? What room?
- Сенің бөлмең қандай?-What kind of room do you live in?
- Сен бөлмеде кімдермен (кіммен) бірге тұрасың? (Whom do you live in the room with?)
- Сенің бөлмеңде неше үстел, неше төсек бар?

**3-тапсырма.** Диалогты толықтырыңыз (Complete the dialogue).

- Сенің атың кім?
- Менің ....
- Сен қайдан келдің?
- Мен......... келдім.

– Қайда оқисың?
– .......... оқимын.
– Нешінші курста оқисың?
– ........... курста оқимын.
– Қазір қайда тұрасың?
– Қазір .......... тұрамын.
– Нешінші бөлмеде тұрасың?
– Елу жетінші (57) бөлмеде .............. .
– Сенің бөлмең қандай? (What kind of room have you?)
– Менің бөлмем .......... .

## Оқытушы басшылығымен студенттердің өзіндік жұмысы

Бөлме интерьері (сипаттама)

Interior of the room (description)

**1-тапсырма.** Берілген суреттердің атауын көрсетіңіз, жаттап алыңыз (Say what you see in the pictures).



*үстел* - a table (a desk)
*орындық* - a chair
*терезе* - a window
*есік* – a door
*шкаф* – a bookcase
*теледидар* –a TV set
*кілт* - a key
*кресло* – an arm-chair
*перде* - a curtain
*дастарқан* – a table-cloth

*аспашам* - chandelier
*кілем* – a carpet
*диван* – a sofa
*шам* - a lamp
*пәтер* – a flat
*картина* – a picture
*кереует* – a bed
*сөре* – a shelf
*киім шакафы* – a wardrobe

**2-тапсырма.** Суретке қарап,заттардың түсін анықтаңыз (Look at the picture and name the colours of the things).




**3-тапсырма.** Сурет бойынша сөйлемдерді толықтырыңыз (Look at the picture and complete the sentences).

Менің бөлмем ....... (қандай?). Бөлмемде ..... , .... , ..... (не?) бар. Бөлмемдегі үстел .... (қандай?). Киім шкафы .... (қандай?). Менің кереуетім ...., .... (үлкен, қызыл, жасыл, сары, кішкентай, жаман, ауыр, ұзын).

**4-тапсырма.** Диалогты толықтырыңыз (Complete the dialogue).

– Сенің атың кім?
– Менің ....
– Сен қайдан келдің?
– Мен ......... келдім.
– Қайда оқисың?
– .......... оқимын.
– Нешінші курста оқисың?
– ........... курста оқимын.
– Сен қайда тұрасың?
– Мен ...... тұрамын.
– Сенің бөлмең қандай? (What kind of room is it?)
– Менің бөлмем .......... .
– Бөлмеңде не бар?
– Бөлмемде ....., ...., ..., ...., .... бар.
– Перде қандай?
– Перде ....... .
– Бөлмеңде шкаф бар ма?
– Бөлмемде ..... бар.
– Теледидар үлкен бе, кіші ме?
– Теледидар ..... .
– Картина бар ма?
– Картина ..... .

– Үстел үлкен бе?
– .... .
– Еден қызыл ма, көк пе?
– Еден ...... .

## №7: *Уақыт, сағат (Time, hours)*

## ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ

Уақытты сұрау, хабарлау. Есептік сан есімдер.
Time, hours.What is the time? Cardinal numbers.

**1-тапсырма.** Оқытушы көмегімен оқыңыз, қайталаңыз (listen and repeat after the teacher).

1 (бір); 2 (екі); 3 (үш); 4 (төрт); 5 (бес); 6 (алты); 7 (жеті); 8 (сегіз); 9 (тоғыз); 10 (он); 11 (он бір); 12 (он екі); 13 (он үш); 14 (он төрт); 15 (он бес); 16 (он алты); 17 (он жеті); 18 (он сегіз); 19 (он тоғыз); 20 (жиырма); 30 (отыз); 40 (қырық); 50 (елу); 60 (алпыс); 70 (жетпіс); 80 (сексен); 90 (тоқсан); 100 (жүз); 1000 (мың).

Есептік сан есім (***Cardinal numerals)***
Cardinal numeral show a number of nouns.
In the Kazakh language cardinal numeral answer the question **қанша? неше?** “ how many (much)”?

**2-тапсырма.** Диалогты ағылшын тіліне аударыңыз (Translate this dialogue into English).
– Бөлмеде неше үстел бар?
– Бөлмеде 6 (алты) үстел бар.
– Бөлмеде неше орындық бар?
– Бөлмеде 12 (он екі) орындық бар.
– Бөлмеде неше тақта бар?
– Бөлмеде 1(бір) тақта бар.

**3-тапсырма.** Сөйлемдерді оқыңыз (Read the sentences).

1. Дәрісханада 17 орындық, 9 үстел бар. 2. Біздің топта 18 студент бар. 3. Мен бірінші 1 курста оқимын. 3. Сен екінші қабатта, 59-бөлмеде тұрасың. 4. Біздің топта 4 қыз, 6 жігіт оқиды.

**Сөздік**

*дәрісхана* – lecture hall *біздің* – our *топта* – in a group

**4-тапсырма. Тыңдап, қайталаңыз**.(listen and repeat)

- Сағат екі (2:00)
- Сағат бес (5:00)
- Сағат он (10:00)
- Сағат сегіз (8:00)
- Сағат алтыға он минут қалды (5:50)
- Сағат оннан бес минут кетті (10:15)
- Алтыдан он бес минут кетті (6:15)
- Бес жарым (5:30)

Сан есім +
**(-ға/-ге, -қа/-ке)** +
**сан есім +**
**минут қалды**




Сан есім +
**(-нан/-нен, -дан/-ден,**
**-тан/-тен)**+
сан есім+
**минут кетті**

**қалды** **кетті**

бір**ге**
екі**ге**
үш**ке**
төрт**ке**
бес**ке**
алты**ға**
жеті**ге** он минут **қалды**
сегіз**ге**
тоғыз**ға**
он**ға**
он бір**ге**
он екі**ге**

12:35 – бірге жиырма бес минут қалды.
08:40 – тоғызға жиырма минут қалды.
8:52 – жетіге сегіз минут қалды.
21:47 – онға он үш минут қалды.

бір**ден**
екі**ден**
үш**тен**
төрт**тен**
бес**тен**
алты**дан**
жеті**ден** он минут **кетті**
сегіз**ден**
тоғыз**дан**
он**нан**
он бір**ден**
он екі**ден**

14:15 – екіден он бес минут кетті.
23:20 – он бірден жиырма минут кетті.
09:12 – тоғыздан он екі минут кетті.
06:07 – алтыдан жеті минут кетті.



*қалды* *жарым* *кетті*

**5-тапсырма.** ***Берілген уақытты айтыңыз*** (what time is it)
***Үлгі***: 15:30 – сағат үш жарым

| | | |
|---|---|---|
| 06:00 | 11:25 | 15:50 |
| 14:00 | 09:20 | 18:43 |
| 21:00 | 12:13 | 07:35 |
| 10:00 | 16:08 | 10:55 |
| 08:30 | 13:15 | 14:40 |
| 19:30 | 17:05 | 20:45 |

## Оқытушы басшылығымен студенттердің өзіндік жұмысы

Уақытты сұрау, хабарлау. Жатыс септік.
Time, hours.What is the time? Local case.

**Жатыс септік (Local case)**

Local case answers the questions: кімде? (who has?), неде? қайда? (where?). Local case shows a place of a thing. The endings of the local case are -**да, -де; -та, -те**.
The endings **-да, -де** are added to words ended in vowels and voiced consonants. Мен бірінші (1) жатақхан**а+да** тұрамын (I live in the 1st hostel). Ол бөлме+де отыр (He is sitting in the room).
Endings **-та, -те** are added to words ended in hard consonants andvoiced consonants **б, в, г, д**.(in the Kazakh language words don't end in these letters) For example: Мен саба**қ+та** отырмын (I am at the lessons). Суман**т+та** жақсы қалам бар (Sumanta has a good pen). Оқушылар мектеп**+те** отыр (Pupils are at the school).

**1-тапсырма.** Сұраққа жауап беріңіздер. (Answer the questions)

- Бір жылда неше күн бар?
- Бір жылда неше ай бар?
- Бір жылда неше жыл мезгілі бар?
- Бір аптада неше күн бар?
- Бір тәулікте неше сағат бар?
- Бір сағатта неше минут бар?
- Бір минутта неше секунд бар?

**Сөздік**

*жыл* - year

*ай* - month

*жыл мезгілі* - seasons

*сағат*- time

*күн* - day

*апта* - week

*тәулік*- day (24 hours)

**2-тапсырма.** Сан есімдерді оқыңыз (Read the numbers).

51; 100; 16; 41; сағат 07.20; сағат 08.50; сағат 15.30; сағат 12.00; 1-курс; 55-бөлме; 2017 жыл.

**3- тапсырма.** Уақытты айтып жаттығамыз (say the time and learn).

**САҒАТ НЕШЕ БОЛДЫ? САҒАТ ... .**

**WHAT TIME IS IT? It is … .**












**4-тапсырма.** ***Берілген уақытты айтыңыз*** (what time is it).
***Үлгі***: 07:00 – сағат жеті

| | | |
|---|---|---|
| 07:00 | 10:25 | 15:50 |
| 14:05 | 09:20 | 11:43 |
| 12:00 | 12:13 | 07:35 |
| 11:15 | 6:08 | 10:55 |
| 08:30 | 11:15 | 2:40 |
| 6:30 | 5:05 | 7:45 |

# №8 : ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ, АПТА КҮНДЕРІ (SEASONS, WEEK DAYS)

## ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ

Жыл мезгілдері, ауа райы, табиғат. Сан есімдердің түрлері. Реттік сан есімдер.

Seasons, weather, nature.Semantic groups of numerals (cardinal and ordinalnumbers).

Реттік сан есім (***Ordinal numeral)***

Ordinal numeral shows an ordinal number of location. In the Kazakh language ordinal numeral answers the question нешінші? "which".

**Реттік сан есімдердің жасалуы:**

***(formation of ordinal numerals)***

Бір+інші; екі+нші; үш+інші; төрт+інші; бес+інші; алты+ншы; жеті+нші; сегіз+інші; тоғыз+ыншы; он+ыншы; он бір+інші; он екі+нші; он үш+інші; он төрт+інші; он бес+інші: он алты+ншы; он жеті+нші; он сегіз-ішні; он тоғыз+ыншы; жиырма+сыншы (20+сыншы); отыз+ыншы (30+ыншы); қырқ+ыншы (40+ыншы); елу+інші (50+інші); алпыс+ыншы (60+ыншы); жетпіс+інші (70+інші); сексен+інші (80+інші); тоқсан+ыншы (90+ыншы); жүз+інші (100+інші); мың+ыншы (1000+ыншы)

**1-тапсырма.** Мәтінді аударыңыз. *Мәтін бойынша қойылған* сұрақтарға жауап беріңіз *(Translate the text. Answer the questions on the text).*

***Жыл мезгілдері***

Жылдың төрт мезгілі бар. Олар: қыс, көктем, жаз және күз. Қыста ауа-райы суық болады. Қар жауады, аяз болады, боран соғады.

Көктемде күн жылынады, күн ұзара бастайды. Қар ериді.

Жазда күн ыстық болады. Жазда оқушылар мен студенттер, қызметкерлер демалады. Мен жаз айларын жақсы көремін.

Күзде біресе қар, біресе жаңбыр жауады, кейде жылы, кейде суық болады. Мен жыл мезгілдерінің барлығын жақсы көремін.

### *Сөздік*

| | |
|---|---|
| *қыс* – winter | *қыста* – in winter |
| *аяз* – frost | *боран* – blizzard |
| *жаз* – summer | *көктем* – spring |
| *ауа-райы* – weather | *күн жылынады* – it gets warmer |
| *қар* – snow | *күн ұзарады* – days become longer |
| *жаңбыр* – rain | *жаңбыр (қар) жауады* – it rains(snows) |
| *бірese* – sometimes | *күз* – autumn |
| *жел* – wind | *қар ериді* –snow melts |
| *тұман* – fog | *ыстық* – hot |
| *жақсы көремін* – to like | *кейде* – sometimes, rarely |

**2-тапсырма.** Мәтін бойынша сұрақ (Questions to the text):

- Жылдың неше мезгілі бар?
- Қыста ауа-райы қандай болады? (What the weather is like in winter?)
- Сен қандай мезгілді жақсы көресің?(What season do you like?)
- Күзде ауа-райы қандай болады? (What is the weather like in autumn?)

**3-тапсырма.** «Жыл мезгілдері» мәтінін пайдалана отырып, көп нүктенің орнына қажетті сөз тіркестерін қойыңыз (Fill in the gaps with appropriate word combinations using «Year seasons» text).

Жылдың ... ... мезгілі бар. Қыста қар жауады, ... ..., боран соғады. Көктемде ...... ериді. Жазда күн ... болады. Күзде бірese ..., бірese .... жауады.




**4-тапсырма.** Сөздердің қазақша аудармасын жазыңыз (Translate the words into the Kazakh language).

| | |
|---|---|
| winter | sometimes |
| ice | wind |
| summer | fog |
| weather | hot |
| snow | to like |
| rain | sometimes, rarely |

**5-тапсырма.** Кестені толтырыңыз (Complete the chart).

| Мезгіл атауы | Айлары | Сын есім |
|---|---|---|
| қыс | желтоқсан, қаңтар, ақпан | қарлы, боранды, суық |
| | | |
| | | |
| | | |

## Оқытушы басшылығымен студенттердің өзіндік жұмысы

Жыл мезгілдері, ауа райы, табиғат. Сан есімдер мен зат есімдердің байланысы.

Seasons, weather, nature. Connection of nouns and numerals

Зат есімнің (Noun) сұрақтары: кім? не?

| Кім? | Не? |
|---|---|
| Ата, адам, Қанат, апа, қарындас, іні | Кітап, үй, ит жануар, мысық, үстел, көше |

**1-тапсырма.** Есіңізге сақтаңыз (Remember).

Ай – month
Апта – week
Күн – day
Қыс – winter
Көктем – spring
Жаз – summer
Күз – autumn
Мезгіл – season
Қар – snow
Жаңбыр – rain
Жел – wind

**2-тапсырма.** Жазып, естеріңізге сақтаңыз (write and remember)

**Қазақша ай аттары:**

Қаңтар – January, ақпан – February, наурыз – March, сәуір – April, мамыр – May, маусым – June, шілде – July, тамыз – August, қыркүйек – September, қазан – October, қараша – November, желтоқсан – December.

| | | | |
|---|---|---|---|
| қаңтар | | | |
| | | | |
| | | | |

**3-тапсырма.** Оқыңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз (read and answer the questions)

- Бүгін **сәуірдің нешесі**? (What date of April is today? )
- Бүгін **сәуірдің оны (10-ы)** (11-і, 12-сі, 16-сы, 19-ы)
- Бүгін **нешінші** сәуір? (What date of April is today?)

- Бүгін **он үшінші (13-)** сәуір (15-інші, 16-ншы, 20-сыншы).
- Бүгін **қай күн**? (What day is today?)
- Бүгін **дүйсенбі** (сейсенбі, сәрсенбі) (Today is Monday, Wednesday)
- Ертең **қай күн**?(What day is tomorrow?)
- Ертең **сейсенбі**.(Tomorrow is Tuesday)

**Сан есім ------ зат есім Numeral ---- Noun**
**Мысалы:** он (неше?) студент, төрт мезгіл, жеті күн, бесінші (нешінші?) бөлме, төртінші ай, жетінші күн

**4-тапсырма.** Ай аттарының қазақша аудармасын табыңыз.(translate into Kazakh)

| | | | |
|---|---|---|---|
| January | | July | |
| February | | August | |
| March | наурыз | September | |
| April | | October | |
| May | | November | |
| June | | December | |

**5-тапсырма.** Оқыңыз, жаттап алыңыз (Read and learn).

| Ағылшынша | Қазақша |
|---|---|
| Tomorrow | ертең |
| Yesterday | кеше |
| Today | бүгін |
| Every day | күнде |
| weekly | апта сайын |

| Ағылшынша | Қазақша |
|---|---|
| Monday | дүйсенбі |
| Tuesday | сейсенбі |
| Wednesday | сәрсенбі |
| Thursday | бейсенбі |
| Friday | жұма |
| Saturday | сенбі |
| Sunday | жексенбі |

**6-тапсырма.** Оқыңыз, жаттап алыңыз. (read and remember)




Көктем айлары: наурыз, сәуір, мамыр
Жаз айлары: маусым, шілде, тамыз
Күз айлары: қыркүйек, қазан, қараша
Қыс айлары: желтоқсан, қаңтар, ақпан

**7-тапсырма.** Мәтінді жаттап алыңыз (Learn the text by heart).

| | |
|---|---|
| Мен дүйсенбіде спортзалға барамын<br><br>(I go to the gym on Monday) |  |
| Сейсенбіде кітапханаға барамын. |  |
| Сәрсенбі күні кино қараймын. |  |
| Бейсенбіде бассейнге барамын. |  |
| Жұмада футбол ойнаймын. |  |
| Сенбіде саябаққа барамын. |  |
| Жексенбіде демаламын. |   |

# *№9: Күн тәртібі (My working day)*

## ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ

Жұмыс күні және демалыс. Ауыспалы осы шақ.
Working day and weekend. Present Simple Tense.

*Ауыспалы осы шақ ( Present Simple Tense)*

**Transitive present tense** shows the constantly repeated action. For example:

Күзде жаңбыр жиі жауады (It often rains in autumn.). Қыста қар жауады (It snows in winter). Жазда күн ыстық болады (It is hot in summer).

**Transitive present tense** depending on the context can show the action takes place in present.Мен күнде сабаққа барамын (I go to the lessons every day) (осы шақ-present).Or it can show the future tense. Мен ертең сабаққа барамын (I will go to the lessons tomorrow-future tense) (келер шақ).

For example:

1.Мен бар+а+мын; кел+е+мін; сөйле+й+мін.
I go; come; speak;
2. Сен бар+а+сың; кел+е+сің; сөйле+й+сің.
You go; come; speak;
2. Сіз бар+а+сыз; кел+е+сіз; сөйле+й+сіз.
You go; come; speak;
3. Ол бар+а+ды; кел+е+ді; сөйле+й+ді.
He goes; comes; speaks.

**1-тапсырма.** Мәтінді оқып, сөздікті жаттаңыз (Read the text and learn the words by heart).

**Күн тәртібі**



Мен күнде сағат жетіде тұрамын. Жуынып, таңғы асымды ішемін. Сонан соң сабаққа барамын. Сабақ сағат сегізде басталады. Біз анатомия, химия, қазақ тілі пәндерін оқимыз. Сабақ сағат екіде аяқталады. Жатақханада түскі асымды ішемін. Түстен кейін бір сағат демаламын, үй тапсырмасын орындаймын. Кешкі астан кейін теледидар көремін. Сағат он бірде ұйқыға жатамын. Сенбі, жексенбі күндері демаламыз.

**Сөздік**

*таңғы ас* – breakfast
*пән* – subject
*демал(у)* –have a rest
*кешкі ас* – supper
*көр(у)* – to see
*жуын(у)* –to wash
*іш(у)* – have breakfast(dinner, supper)
*түскі ас* – dinner
*үй тапсырмасы* – homework
*демал(у)* – to rest
*ұйқыға жат(у)* –to go to bed

**2-тапсырма.** Мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап беріңіз (Answer the questions on the text"My working day").

- Сен сағат нешеде тұрасың?
- Таңғы асыңды ішкен соң қайда барасың?
- Сабақ сағат нешеде басталады?
- Сендер қандай пәндерді оқисыңдар?
- Сабақ сағат нешеде аяқталады?
- Түскі асыңды қайда ішесің? (Where do you have your dinner?)
- Түстен кейін не істейсің?
- Кешкі астан кейін не істейсің?
- Сағат нешеде ұйқыға жатасың?

**3-тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті етістікті қойып, көшіріп жазыңыз ( Insert the correct verbs and write the text).

Таңғы асымды ..... . Сонан соң сабаққа ..... .Жатақханада түскі асымды ....... . Кешкі астан кейін теледидар .... .

**4-тапсырма.** «Күн тәртібі» мәтінін оқып, мазмұнын айтуға жаттығыңыздар (Read the text "My working day" and practise to summarize the text).

## Оқытушы басшылығымен студенттердің өзіндік жұмысы

Жұмыс күні және демалыс. Ауыспалы осы шақтың болымсыз түрі.
Working day and weekend. Negative form of Present Simple.

The negative form of the **Transitive present tense** is formed with the help of endings **(-ма, -ме; -ба, -бе; -па, -пе)**, the endings **ма, -ме** are added after vowels and sonorant consonants **(р, й, у, л).** For example**:** Мен ойна+ма+й+мын (I do not play). Мен ал+ма+й+мын (I do not take). **-ба, -бе** are used after н, м, ң. For example: Мен жаз+-ба+й+мын (I do not write). **-па, -пе** are used after hard consonants **(қ, к, п, т, с, ш)**. For example: Мен айт+па+й+мын (I don't say). Мен кет+пе+й+мін (I don't go away).

1.Мен бар+ма+й+мын; кел+ме+й+мін; сөйле+ме+й+мін.
I don't go; I don't come; I don't speak;

2. Сен бар+ма+й+сың; кел+ме+й+сің; сөйле+ме+й+сің.
You don't go; You don't come; You don't speak;
Сіз бар+ма+й+сыз; кел+ме+й+сіз; сөйле+ме+й+сіз.
You don't go; You don't come; You don't speak;

3. Ол бар+ма+й+ды; кел+ме+й+ді; сөйле+ме+йді
He/she doesn't go; He/she doesn't come; He/she doesn't speak

**1-тапсырма.** Мәтінді оқып, етістікті табыңыздар (Read the text and find the verbs).

***Демалыс күні (My day off )***

Мен медицина университетінде бірінші курста оқимын. Сенбі, жексенбі күндері демаламыз (we rest).

Демалыс күндері мен сағат тоғызда тұрамын. Интернет арқылы ата-анаммен сөйлесемін. Жатақханадағы достарымның бөлмелеріне барамын. Әдеби кітаптар оқимын. Спортпен шұғылданамын. Кейде бассейнге барамын.

Жексенбі күні түстен кейін сабаққа дайындаламын.

**Сөздік**

*демалыс күндері* – weekend, days off
*ата-ана* – parents
*спортпен шұғылдан(у)* – go in for sports
*интернет арқылы* – by internet
*әдеби кітаптар* – fiction

**2-тапсырма.** Мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап беріңіз (Answer the questions on the text):

- Сен қайда (қандай факультетте, нешінші курста) оқисың?
- Сен қайда тұрасың?
- Сендер қай күндері демаласыңдар? (What are your days off ?)

- Демалыс күндері сен сағат нешеде тұрасың? (What time do you get up at weekends?)
- Ата-анаңмен қалай (не арқылы) сөйлесесің? (connect)
- Демалыс күндері қандай кітаптар оқисың?
- Жексенбі күні түстен кейін не істейсің?

**3-тапсырма.** Мәтінді жаттап алыңыз (Learn the text by heart).

| | |
|---|---|
| Мен демалыс күні спортзалға барамын. |  |
| Сенбіде кітапханаға барамын. |  |
| Демалыс күні кино қараймын. |  |
| Таңертең бассейнге барамын. |  |
| Түстен кейін футбол ойнаймын. |  |
| Сенбіде саябаққа барамын. |  |
| Жексенбіде демаламын. |   |

**4-тапсырма.** Берілген сөйлемдерді болымсыз түрге айналдырыңыз (Put the sentences into the negative form).

Мен демалыс күні спортзалға барамын. Сенбіде кітапханаға барамын. Демалыс күні кино қараймын. Таңертең бассейнге барамын. Түстен кейін футбол ойнаймын. Сенбіде саябаққа барамын. Жексенбіде демаламын.

**5-тапсырма.** «Күн тәртібі» тақырыбы бойынша диалог құрыңыз (Compose the dialogue on the theme ”My working day”)

- Сәлем!
- ...
- Қалың қалай?
- ....
- Сен нешінші курста оқисың?
- Мен .....
- Сен қайда тұрасың?
- Мен ....
- Сен қай күндері демаласың? (What day do you rest?)
- Мен ....
- Демалыс күндері сен сағат нешеде тұрасың? (What time do you get up at weekends?)
- ....
- Демалыс күні қайда барасың?
- Мен демалыс күні .....
- Демалыс күндері қандай кітаптар оқисың?
- ....
- Жексенбі күні түстен кейін не істейсің?
- ....

# №10: Сауда орталықтарында (At the supermarkets)

## ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ

Азық-түлік атаулары. Ілік септігі.
Food names. Ілік септігі- Possessive case.
**1-тапсырма.** Мәтінді аударыңыз (Translate the text).

### Азық-түлік дүкенінде



Қалада азық-түлік дүкендері көп. Дүкеннің сатушылары бізге жақсы қызмет көрсетеді. Біз дүкенде сатушылармен қазақша сөйлесеміз. Олар бізге қазақша жауап береді. Біз дүкеннен нан, сүт, ет, қант, күріш, макарон сатып аламыз.

Күн сайын тамақ дайындаймыз. Кейбір балалар тамақты өте дәмді пісіреді. Мереке күндері ұлттық тағамдар пісіреміз.

### Сөздік

*азық-түлік дүкені* – grocery
*нан* – bread
*ет* – meat
*күріш* – rice
*дүкеннің сатушылары* – sellers
*қазақша* – in Kazakh
*мереке күндері* – on holidays
*сүт* – milk
*қант* – sugar
*макарон* – macaroni
*ұлттық тағамдар* – national food
*қызмет көрсет(у)* – to serve
*қазақша сөйлесеміз* – speak Kazakh language
*күн сайын* – every day
*дәмді пісіреді* – cooks very tasty

**2-тапсырма.** Мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап беріңіз (Answer the questions on the text).
- Қалада азық-түлік дүкендері көп пе?
- Сендер дүкеннен не сатып аласыңдар?
- Сендерге сатушылар қалай қызмет көрсетеді?
- Сендер сатушылармен қай тілде сөйлесесіңдер? What language do you speak with the sellers?
- Мереке күндері қандай тамақтар пісіресіңдер? (What do you cook on holidays?)

**3-тапсырма.** Мәтіннің мазмұнын айтуға жаттығыңыз (train to convey the content of the text).

### **Ілік септік** *(Possessive case)*

The nouns in the genitive case answer the following questions: whose and what. For example:
Бұл **кімнің** дәптері? (Whose notebook is it?)
Бұл Шивани**дің** дәптері (-It is Shivany's notebook).
Бұл **кімнің** бөлмесі? (Whose room is it?)
Бұл Харча**ның** бөлмесі (-It is Harcha's room).
Ілік септік жалғауының жалғануы (The inflections of genitive case):
**-ның, -нің** after vowels **-а, е, а, і** (The letters of the Kazakh alphabet **ә, о, ө, ұ, ү**-are not used at the end of words.) and after sonorant consonants **м, н, ң** are used **For example:** бала**ның** бөлмес**і** (Boy's room), көше**нің** ат**ы** (name of a street), Дженифер**дің** дос**ы** (Jennifer's friend), нан**ның** бағ**асы** (price of bread), қалам**ның** түс**і** (colour of a pen).
**-дың, -дің** are used after sonorant **л, й, у, р** and after voiced consonant **-з**. For example:үй**дің** терезе**сі** (window of a house), қол**дың** саусақтар**ы** (hand's fingers), тау**дың** басы (head of a mountain), қар**дың** түс**і** (colour of snow), қыз**дың** киімі (girl's clothes).
**-тың, -тің** are used after hard consonant **қ, к, п, (ф) т, с, ш, (ч)** and voiced **б, (в,) г, ғ, д**. The words in the Kazakh language are not ended on the following letters **б, (в,) г, ғ, д.** For example: Сумант**тың** қалам**ы** (Sumant's pen),Сәбит**тің** үйі (Sabit's house), Адам Шериф**тің** сөмке**сі** (Adam Sheriff's bag).

**4-тапсырма.** Берілген сөздерге ілік септігінің жалғауларын жалғаңыз (Form the possessive case of the following nouns).

Үлгі: нан+ның

Нан..., сүт..., ет..., қант..., күріш..., макарон...

## Оқытушы басшылығымен студенттердің өзіндік жұмысы

Азық-түлік атаулары. Шығыс септік.

Food names. Ablative case.

**Шығыс септік (Ablative case with preposition "from")**
Шығыс септік (Ablative case with preposition from) answer the questions кімнен?(from whom?), неден? (from what?), қайдан?(where from?)
The Ablative case endings are the following;
**-нан, -нен** are added after sonorant consonants н, ң, м. For example: Мен дәптерді Навин+нен алдым (I have taken a notebook from Navin). Біз дүкен+нен күріш сатып алдық (We have bought rice from the shop).
**-дан, -ден** are added after voiced consonants and vowels. For example: Мен жатақхана+дан шықтым (I have left the hostel.) Мен үй+ден шықтым (I have left home).
**-тан, -тен** are added after hard consonants. For example: Балалар мектеп+тен келе жатыр (Children are coming from school). Біз сабақ+тан шықтық (We have left school).

**1-тапсырма.** Көп нүктенің орнына шығыс септігін жалғап, сөйлемдерді жазып алыңыз (Put the nouns in the Ablative case and write the sentences).

1. Біз Үндістан.... (қайдан?) келдік. 2. Мен дүкен... (қайдан?) нан сатып алдым. 3. Супермаркет... (қайдан?) азық-түлік сатып алдық. 4. Сиви кино... (қайдан?) келді. 5. Асхана... (қайдан?) тамақ іштім.

**2-тапсырма.** Азық-түлік атауларын жазып, жаттап алыңыз. Wtite the names of food and learn them by heart.

картоп – тұз -
жуа - қант –
сәбіз - ет -
ұн - макарон -
күріш - тауық еті -
шай - май –

**3-тапсырма.** Көп нүктенің орнына шығыс септігін жалғап, сөздердің қазақ тіліндегі нұсқаларын жазыңыз (Using ablative case write down the words in Kazakh).

| | | | |
|---|---|---|---|
| Махсут | дүкен... (қайдан?) | flour | сатып алды. |
| | базар ... (қайдан?) | macaroni | әкелді. |
| | супермаркет... (қайдан?) | meat | сатып алды |
| | асхана ... (қайдан?) | Potatoes | жеді |

**4-тапсырма.** «Азық-түлік дүкенінде» тақырыбындағы диалогты оқып, жаттап алыңыз (Read the dialogue on the theme " At the supermarket" and learn it by heart).

- Сәлеметсіз бе?
- Сәлеметсіз бе?
- Картоп қанша тұрады?
- 180 теңге.
- Сәбіз қанша тұрады?
- 105 теңге.
- Маған 2 килограмм картоп, 1 килограмм сәбіз беріңізші.
- Міне, алыңыз.
- Рақмет. Маған ет керек еді. Килограмы қаншадан?
- Еттің килограмы 2000 теңге. Тауық еті 1100 теңге.
- Маған бір тауық өлшеңізші.
- Міне, 2200 теңге төлеңіз.
- Рақмет. Сау болыңыз!

## *№11: Тағам (Food)*

## ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ

Тағам атаулары, түрлері.Сын, сапа мәнді сөздер.
Food, names, types. Critic, quality-meaning words.

**Сын есім (Adjective)**

Adjectives reflect appearance, quality, size of something. In Kazakh adjectives answer the questions **қандай? қай?**(what?)For example:

Бұл – жақсы бөлме (This is a good room).

Менде қызыл қалам бар (I have a red pen).

When adjective comes before noun it works as determinant. For example:

Суати – **жақсы** студент (Suaty is a **good** student).

Терезенің алдында **биік** ағаш өсіп тұр (There is a **tall** tree growing in front of the window).

**Сын, сапа мәнді сөздер:** дәмді-дәмсіз, ащы-тұщы, тәтті, тәтті емес, майлы-майсыз, тұзды-тұзсыз, ыстық-суық, жылы-салқын.

**1-тапсырма.** Тағам атауларын жазып, жаттап алыңыз.
бауырсақ - baursak - Kazakh national food
айран - ayran - sour milk
палау – pilaf
манты –manti - national food

ет – meat
сорпа –bouillon, soup
самса – samsa
ботқа - porridge
котлет – cutlet
торт - cake

**2-тапсырма.** Мәтінді оқып, сөздікті жаттаңыз ( Read the text and learn the words).

**Асханада**

Біз медицина университетінде оқимыз. Университеттің асханасы бар. Университет асханасы өте үлкен, жарық және таза. Тағамдардың бағасы арзан. Асханадағы аспаздар тағамды (тамақты) өте дәмді пісіреді.

Бірінші тағамға: борщ, сорпа, кеспе көже (noodles soup) т.б. болады. Екінші тағамға: палау, котлет, тефтели, қуырдақ (noisettes), манты, тұшпара, т.б. болады. Үшінші тағамға: шай және әртүрлі сусындар (алма шырыны, өрік шырыны, апельсин шырыны т.б.) (apple,apricot, orange) болады.

**Сөздік**

*асхана* – canteen
*тағам* – meals
*арзан* – cheap
*дәмді* – tasty
*бірінші тағам* – first course
*таза* – clean
*баға* – price
*аспаз* – cook
*шырын* – juice

**3-тапсырма.** Мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап беріңіз (Answer the questions on the text).

- Университеттің асханасы қандай?
- Тағамдардың бағасы қандай? (What are the prices of dishes?)
- Аспаздар тағамды қалай пісіреді? (How are the dishes cooked?)
- Бірінші (екінші, үшінші) тағамдарға нелер бар?(What can order for the first, second, third courses?)
- Екінші тағамдарға нелер бар?
- Үшінші тағамдарға нелер бар?

**4-тапсырма.** Жақшаның ішіндегі сөздерді қазақ тіліне аударыңыз (Translate the words in brackets into the Kazakh language).

1. Университеттің (canteen) бар. 2. Мен бірінші тағамға (noodles soup) алдым. 3. Екінші (meals) манты алдым.4. Тағамдардың бағасы (cheap). 5. Асханадағы аспаздар тағамды өте (tasty) пісіреді.

## Оқытушы басшылығымен студенттердің өзіндік жұмысы

Тағам атаулары, түрлері.Сын, сапа мәнді сөздер.

Food, names, types. Critic, quality-meaning words.

**Adjectives with opposite meanings:** tasty-tasteless, bitter – flavourless, sweet- unsweet , fatty - fatless, nonfat, salty - unsalted, hot- cold, warm-cool.

**1-тапсырма.**Сөздердің айтылуы мен жазылуын жаттап алыңыз (Learn the pronounciation and writing of the new words).

дәмді - tasty ащы -bitter
дәмсіз - tasteless тұщы - fresh
тәтті – sweet ыстық - hot
майлы – oily суық - cold
тәтті емес - not sweet салқын - cold
майсыз - non-greasy жылы - warm
тұзды –salty
тұзсыз – unsalted

**2-тапсырма.** Жаттығуды жазып, жаттап алыңыз (Write down the task and learn it by heart).

Дәмді-дәмсіз тамақ  Тәтті-тәтті емес 

Тұзды-тұзсыз  Ыстық-салқын-жылы 

Ащы-тұщы  Майлы-майсыз 

**3-тапсырма.** Мәтінді оқып, мазмұндауға жаттығыңыз (Read the text and practice summarizing it).

Қазақ халқында ұлттық тағамдар көп. Олар еттен, сүттен және дәнді-дақылдардан жасалады. Ет тағамдары: ет, қуырдақ, қазы, тұшпара. Сүт тағамдары: айран, май, құрт, қаймақ. Дәнді-дақылдардан жасалатын тағамдар: нан, бауырсақ, кеспе.

**Сөздік**

*ұлттық* - national
*ет* - meat
*кеспе* - noodle
*айран* - sour milk
*тұшпара* –dumpling
*дәнді-дақылдар* – flakes
*жасалады* – to be made of
*май* – butter
*қаймақ* –sour cream

**4-тапсырма.** Сұрақтарға жауап жазыңыз (Answer the questions).

- Ет тағамдарына қандай тағамдар жатады?
- Сүт тағамдарына қандай тағамдар жатады?
- Дәнді-дақылдардан жасалатын тағамдарға қандай тағамдар жатады?

**5-тапсырма.** Сын есімдерді қолдана отырып, сөз тіркестерін жасаңыз (Make up word-combinations, using adjectives).

Шай, сорпа, қуырдақ, айран, бауырсақ, қияр, құрт, алма.

## *№12: Денсаулық (Health)*

## ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ

Денсаулық – зор байлық. Көмектес септігі.
Health is a great wealth. Instrumental case.

**1-тапсырма.** Мәтінді оқып, сөздікті жаттап алыңыз (Read the text and learn the words).

**Денсаулық – зор байлық**

Денсаулық - табиғаттың сыйы. Денсаулыққа спиртті ішімдіктер ішу мен темекі шегу зиян.Денсаулықты сақтауға болады. Ол үшін дұрыс тамақтану, демалу, дене шынықтыру қажет. Сүт, көкөніс тамақтарын пайдаланған дұрыс. Спортпен айналысу — денсаулықты жақсартады.

**Сөздік**

*тамақтану* – to eat
*денсаулық* - health
*табиғат* - nature
*темекі шегу* – to smoke
*ішімдік ішу* - to drink
*демалу* – to rest
*пайдаланған дұрыс* – to be useful
*спортпен айналысу* – to go in for sport
*жақсартады* – to improve
*сақтауға болады* – to protect health
*дене шынықтыру* – to do exercises

## Көмектес септік (Instrumental case)

Instrumental case answers the questions кіммен? **whom with?** and немен? **what with?**The endings of the instrumental case are-мен, -бен, -пен.The endings of the instrumental case do not follow the law of harmony. The instrumental case shows how the action or movement is done. For example: Мен тақтаға бормен жаздым (I wrote on the blackboard with chalk.) Мен университетке таксимен бардым (I went to the University by taxi).

The preposition of the instrumental case is- бірге**.** For example: Сен кіммен бірге тұрасың? (Whom do you live with?) Мен Башамен бірге тұрамын (I live with Basha).

**2-тапсырма.** Мәтінмен жұмыс. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, жазыңыз (Work with the text. Insert the missing words).

.... — табиғаттың сыйы. Денсаулыққа...... ...... зиян. ....... сақтауға болады. Ол үшін ..... ..... ...... қажет. ....... ...... пайдаланған дұрыс. Спортпен айналысу — ...... жақсартады.

**3-тапсырма.** Сөз тіркестеріне сұрақ қойыңыз (Put questions to the word-combinations).

Спортпен (немен?) айналысу, бормен жазу, автобуспен бару, Джамалмен бірге, қызбен танысу.

**4-тапсырма.**Сөздер мен сөз тіркестерін сәйкестендіріңіз (Match the words).

| | |
|---|---|
| табиғаттың | сақтауға |
| денсаулықты | айналысу |
| автобуспен | сыйы |
| дұрыс | жақсартады |
| спортпен | бару |
| дене | тамақтану |
| спиртті | танысу |
| қызбен | тамақтарын |
| денсаулықты | жазу |
| көкөніс | ішімдіктер |
| бормен | шынықтыру |

## Оқытушы басшылығымен студенттердің өзіндік жұмысы

Емханада, дәріханада. Керек, қажет сөздерінің қолданысы.

In a polyclinic, in a pharmacy. Using of thewords “to have”, “necessary, I need”

**1-тапсырма.** Мәтінді оқып, сөздікті жаттаңыз (Read the text and learn the words).

### Емханада



Біз медицина университетінде оқимыз. Біз студенттік емханада медициналық тексеруден өттік (We passed medical examination at the student’s clinics.).

Қазақстан Үндістаннан суық, сондықтан біз жиі ауырамыз. (It is colder in Kazakhstan, than in India, that is why we catch a cold very often.) Біз емханаға барамыз (In such cases we go to polyclinic). Дәрігерлер бізді тексереді, ауруымызды анықтайды. (Doctors examine us, and make diagnosis.) Сосын дәрі жазып береді (Then doctors prescribe medicines). Біз ол дәрілерді дәріханадан сатып аламыз (We buy these medicines at a pharmacy).

### Сөздік

| | |
|---|---|
| *емхана* – polyclinic (out –patient department) | *жазып бер(у)* – to prescribe |
| | *тексер(у)* –to examine |
| *ауру* – illness, disease | *дәрігерлік тексеру* – medical examination |
| *суық* – cold | *анықта(у)* – to clarify, to detect |

**2-тапсырма.** Мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап беріңіз (Answer the questions on the text):

- Сендер қайда оқисыңдар? Where do you study?
- Сендер медициналық тексеруден қайда өттіңдер? (Where did you pass your medical examination?)
- Қазақстанның ауа-райы қандай? (What is the weather like in Kazakhstan?)
- Сендер ауырсаңдар қайда барасыңдар? (Where do you go, if you are ill?)
- Дәрігерлер не істейді? (What do doctors do?)
- (Сендер) дәріні қайдан аласыңдар? (Where do you buy medicines?)

**3-тапсырма.** Мәтінді аударыңыз. Мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап беріңіз (Translate the text into English. Answer the questions on the text).

### Дәріханада

Ақтөбе қаласында дәріханалар көп. Дәріханалар жарық және таза болады. Біз басымыз ауырғанда, суық тигенде немесе ішіміз ауырғанда дәріханадан дәрі сатып аламыз. Кейбір дәрілер тек дәрігердің рұқсатымен ғана сатылады.

Біз ауырып қалсақ, дәріханадан дәрі сатып аламыз. Сатушылардан дәріні қазақша сұраймыз. Олар бізге қазақша жауап береді.

**Сөздік**

*дәріхана* – pharmacy, chemist's
*бас ауырғанда* – to have a headache
*ішіміз ауырғанда* – to have a stomachache
*сатып аламыз* – buy
*суық тигенде* – to catch a cold
*дәрігердің рұқсаты* – by the receipts
*біз ауырып қалсақ* – if we are ill

**4-тапсырма.** Диалогты ағылшын тіліне аударыңыз (Translate the dialogue into English).

- Сәлеметсіз бе?
- Сәлеметсіз бе?
- Сіздерде бас аурудың дәрісі бар ма? (Do you have head ache medicines?)
- Иә, бар.
- Бағасы қанша? (What is the price?)
- Жүз жиырма теңге.
- Қалай ішу керек? (How should we use it?)
- Күніне үш рет, тамақтан кейін ішіңіз(You should have it three times a day after meals).
- Рақмет. Сау болыңыз.
- Сау болыңыз. Тезірек жазылып кетіңіз (I wish you to recover quickly).

**Керек, қажет**

Модаль сөздер болжалдық, міндеттілік, мүмкінділік, қажеттілік мағыналарда қолданылады.

Modal words are used to express predictability, obligation, possibility, need.

Мысалы: оқу керек, бару қажет, дәрі керек, ішу керек, жазу керек.

Менің дәріханаға баруым керек. Сенің дәрі ішуің қажет. Оның дәрігерге қаралуы керек.

I must go to the Pharmacy. You must take some medicine.
He/she must see a doctor.

**5-тапсырма.** «Керек», «қажет» сөздерін қатыстырып, 5 сөйлем құрыңыз.

# *№13: Киім (Clothes)*

## ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ

Киім дүкені, сауда орталықтары. Етістіктің шақ формалары. Нақ осы шақтың болымсыз түрі.

Clothes shops, shopping centers. Tenses forms of verbs. Negative form of PresentSimple.

**1-тапсырма.** Мәтінді оқып, сөздікті жаттап алыңыз, мазмұндауға жаттығыңыз (Read the text, learn the vocabulary, practice summarizing).

### Дүкенде



Біздің жатақхананың қасында сауда орталығы бар. Онда қысқы, жазғы киімдер мен сәндік киімдер бөлімдері бар. Біз дүкеннен киім, аяқ киім сатып аламыз. Біздің дүкендегі киімдердің бағасы қымбат емес. Біз дүкенде сатушылармен қазақша сөйлесеміз, киімдердің түрін, бағасын, өлшемін қазақша сұраймыз. Киімді киіп көреміз.

### Сөздік

*сауда орталығы* – trade center
*аяқ киім* – shoes
*сатып аламыз* - buy
*бағасы* - price
*сәндік киімдер* - fashionable clothes
*қымбат емес* – cheap, not expensive
*қысқы киімдер* – winter clothes
*киіп көреміз* – try on
*өлшемін* - size
*түрін* – type, kind, sample

**Етістіктің шақтары (Tenses of verbs)**

1. Өткен шақ. Іс-әрекеттің сөйлеп тұрған кезден бұрын болғанын білдіретін шак түрін өткен шақ дейміз.

Past Tense. The action which took place before the moment of speech.

Мысалы: 1. Мен кеше дүкенге бардым. 2. Олар теледидар көрді.

Example: 1. I went shopping yesterday. 2 They watched TV.

2. Осы шақ. Қимылдың сөйлеп тұрған кезде өтіп жатқанын білдіретін етістік осы шақ деп аталады.

Present tense. The action that is taking place at the moment of speech.

I Мен отырмын (жүрмін, тұрмын, жатырмын) - I .I am sitting (going, standing, lying)

II Сен отырсың (жүрсің, тұрсың, жатырсың) – II. You are sitting (going, standing ,lying)

Сіз отырсыз (жүрсіз, тұрсыз, жатырсыз)

III Ол отыр(жүр, түр, жатыр) III. She/he is sitting ( going, standing,

3. Келер шақ- сөйлеп тұрған кезден кейін болатын іс-қимылды білдіретін шақ түрі. Мысалы: Дүкенге ертең барамын.

Fiture Tense – the action that will take place after the moment of speaking. Example: I will go shopping tomorrow.

**2-тапсырма.** Берілген етістіктерді етістіктің шақ түрлеріне айналдырыңыз (Write tense forms of the vebs).

Жаз, оқы, тыңда.

**3-тапсырма.** Киім атауларын жазып, жаттап алыңыз (Write the names of clothes and learn them).

бас киім – көйлек -
пальто - жейде –
етік - тон –
туфли - бәтеңке –
шалбар - юбка –

**4-тапсырма.** Үлгіні негізге ала отырып, тақырып бойынша диалог құрыңыз (Compose a dialogue on the theme based on the sample).

- Сәлеметсіз бе?
- Сәлеметсіз бе?
- Сіздерде 41 өлшемді ақ жейде бар ма?
- Иә, бар.
- Бағасы қанша? (What is the price?)
- Алты мың теңге.
- Киіп көруге бола ма?
- Иә, болады.

- Маған үлкен екен. Басқа өлшемін беріңізші.
- Міне, алыңыз.
- Рақмет. Мен осы жейдені аламын.
- 6000 теңге төлеңіз.
- Рақмет. Сау болыңыз.
- Сау болыңыз.

## Оқытушы басшылығымен студенттердің өзіндік жұмысы

Киім дүкені, сауда орталықтары. Нақ осы шақтың болымсыз түрі. Қалып етістіктерінің қолданысы.

Shop for clothes, shopping centers.Negative form of Present Continuous tense. Use of standard verbs.

> The action is at the moment of speech.
> Нақ осы шақ - отыр, тұр, жатыр, жүр.
> Мен дүкенде жүрмін. Сен сауда орталығында отырсың.
> Нақ осы шақтың болымсыз түрі:
> Мен дүкенде жүрген жоқпын. Сен сауда орталығында отырған жоқсың.

**1-тапсырма.** Нақ осы шаққа мысалдар жазыңыз (Write the examples of the verbs in the Present Continuous tense).

**2-тапсырма.** Нақ осы шақтың болымсыз түріне мысалдар жазыңыз (Write the negative form of the verbs in the Present Continuous tense).

**3-тапсырма.** Суреттегі киімдердің атауын жазыңыз (Write the names of clothes in the pictures).

| | | |
|---|---|---|
|  |  |  |
|  |  |  |
| | | |

**4-тапсырма.** Суреттерді негізге ала отырып, тақырып бойынша диалог құрыңыз (Compose a dialogue on the theme using the pictures).

- Сәлеметсіз бе?
- ...
- Сіздерде .... ...... бар ма?
- Иә, бар.
- Бағасы қанша? (What is the price?)
- ..........
- .........
- Иә, болады.
- Маған ...... екен. Басқа .......
- Міне, алыңыз.
- Рақмет. Мен осы ...... аламын.
- ....... төлеңіз.
- Рақмет. Сау болыңыз.
- Сау болыңыз.

## *№14: Адамның мінезі мен қасиеттері (Character and behavior of a person)*

## ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ

Көркем мінез. Есім сөздердің қолданысы.
Fair behavior. Use of names.

Есім сөздер — адамның, заттың, құбылыстың, т.б. атауын, түр-түсі мен санын, басқа да қасиетін білдіретін сөздер.

Есім сөздерге зат есім, сын есім, сан есім, есімдіктер жатады.

Adjectives are words that describe

Мысалы: Мен, сен, сіз, ол, бала, ұл, жақсы, жаман, жеті, әдемі, сұлу, бойшаң, аласа.

Content word – the names of people, things, facts, colours, quantity and other qualities. Content words include nouns, adjectives, pronouns.

For example: I, you, he/she, a child, a boy, good, bad, seven, nice, beautiful, tall, short.

**1-тапсырма.** Мәтінді оқып, сөздік жұмысын жүргізіңіз (Read the text and learn the vocabulary).

**Менің досым**

Біз Қазақстанда медицина университетінде оқимыз. Менің достарым көп. Менің досымның аты Сай Чаран. Ол сабақты жақсы оқиды. Ол – жақсы,

адал дос. Ол сабырлы, еңбекқор, мейірімді. Мен оған сенемін (I rely on him). Университетті бітірген соң, біз жақсы дәрігер боламыз (After graduating from the university we will be good doctors).

**Сөздік**

*адал* - honest
*сабырлы* – quiet
*еңбекқор* – hard-working
*мейірімді* – kind
*сенемін* – to rely on
*бітірген соң* – after graduation
*дәрігер боламыз* – we'll be doctors

**2-тапсырма.** Мәтіндегі есім сөздерді теріп жазып, жаттап алыңыз (Write out content words from the text and learn them).

**3-тапсырма.** Сурет бойынша сипаттама жазыңыз (Describe the picture).




**4-тапсырма.** Досыңыз туралы сипаттама жазыңыз (Describe your friend).

**5-тапсырма.** Сөздер мен сөз тіркестерінің аудармасын тауып, жаттап алыңыз (Find out the translation of the words and phrases, learn them by heart).

Ұзын бойлы, бұйра шашты, мейірімді адам, әділ дос, әдемі қыз, ақылды бала, қара шаш, қараторы бала, көркем мінез.

## Оқытушы басшылығымен студенттердің өзіндік жұмысы

Көркем мінез. Есім сөздердің қолданысы.

Fair behavior. Use of names.

**1-тапсырма.** Сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыз (Learn the words and phrases by heart).

**Сын есімдер. Adjectives:** үлкен, кіші, жылы, салқын, биік, қызыл, әділ

**Сан есімдер. Numerals:** жеті, тоғыз, жиырма бес, төрт жүз елу, мың, екі мың

**Есімдіктер. Pronouns:** мен, сен, менің, сенің, ол, оның, олар

**Зат есімдер. Nouns:** бөлме, дос, үй, аға, ағаш, гүл

**2-тапсырма.** Сөздерді сәйкестендіріп, сөйлемдер құрыңыз (Match the words and make up the sentences).

| | | | |
|---|---|---|---|
| менің | университетте | таза және | тұрады. |
| сен | үйі | 27-бөлмеде | оқисың. |
| Шивамның | досым | бірінші курста | үлкен |
| атамның | бөлмесі | жылы | жарық |

**3-тапсырма.** Тірек сөздерді пайдаланып, мәтінді толықтырыңыз (Use the key words and complete the text).

**Менің досым**

Біз ....... медицина университетінде оқимыз. Менің достарым көп. Менің досымның аты ..... . Ол ..... жақсы оқиды. Ол – ... , .... дос. Ол .... , мейірімді. Мен оған сенемін (I rely on him). Университетті бітірген соң, біз ..... боламыз (After graduating from the university we will be good doctors).

Тірек сөздер: Аман, кітапты, сабырлы, Ақтөбеде,адал, инженер, еңбекқор.

**4-тапсырма.** Диалог құрыңыз (Make up the dialogue).

- Сәлеметсіз бе?
- ...
- Сіздің досыңыздың аты кім?
- ....
- Ол қайда оқиды?
- ...
- Ол қандай жігіт (қыз)?
- ...
- Оның мінезі қандай?
- ...
- Шашы қандай?
- ...
- Бойы қандай?
- ...

# *№15: Мерекелер (Holidays)*

## ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ

Мерекелер. Отбасылық дәстүрлі мерекелер. Табыс септігі.
Holidays. Family traditional holidays. Accusative case.

**1-тапсырма.** *Мәтінді оқып, сөздік жұмысын жүргізіп, мазмұндауға жаттығыңыз (*Read the text, work with vocabulary and retell the text).

***Жаңа жыл***



Жаңа жыл мейрамын дүние жүзі тойлайды. Оны үлкендер де, балалар да күтеді.

Жаңа жыл мейрамы – отбасылық мейрам. Әр отбасында бұл мейрамға жақсы дайындалады. Шырша, әртүрлі ойыншықтар, маскарадтық костюмдер дайындалады. Бұл мерекенің басты кейіпкері – Аяз ата. Ол адамдарға сыйлық береді.

*Адамдар Жаңа жыл мейрамында отбасына, достарына бақыт, қуаныш тілейді.*

**Сөздік**

*Жаңа жыл* – New Year
*дүние жүзі* – in the whole world
*тойлайды* – to celebrate
*дайындалады* – to prepare
*үлкендер - adults*
*бақыт - happiness*
*тілейді* – to wish
*күтеді* – to wait for
*шырша* - fir tree
*кейіпкер* – character
*Аяз ата* – Santa Claus
*сыйлық – present*
*қуаныш – joy*

**2-тапсырма.** Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

- Жаңа жыл қандай мейрам?
- Жаңа жылға нелер дайындалады?
- Басты кейіпкері кім?
- Адамдарға не береді?
- Адамдар отбасына, достарына не тілейді?

**Табыс септік (Accusative case)**

Accusative case answers the question кімді? (whom?), нені?(what?). The endings of the accusative case are **-ны, -ні; -ды, -ді; -ты, -ті**.

**-ны, -ні** endings are added to the words ended in vowels. For example: Мен кеше Нарасима+ны көрдім (yesterday I saw Narasyma).

**-ды, -ді** endings are added to the words ended in voiced consonants. For example: Мен кеше кітапханадан Суати+ді көрдім (yesterday I saw Suaty in the library).

**ты, -ті** endings are added to the words ended in hard consonants and voiced consonants б, в, г, д. (in the Kazakh language words don't end in these letters). For example: Мен қалам+ды Евлинге бердім (I have given a pen to Evlin).

**3-тапсырма.** Үлгіні пайдаланып, сөздерге табыс септігінің жалғауын жалғап, жазыңыз (Write the nouns in the accusative case according to the example).

Үлгі: есікті (нені?)  жап терезені (нені?)  аш

 (нені?) оқы,  (кімді?) шақыр (invite),

 (нені?) бер,  (кімді?) сыйла (respect).

**4-тапсырма.** Сұрақтарға жауап жазыңыз (Answer the questions).

| | | | |
|---|---|---|---|
| Али | кімді | киноға | шақырды? (invited) |
| Мұғалім | кімді | тақтаға | шақырды? |
| Студент | нені | тез | жазды? |
| Менің ағам | нені | жақсы | көреді? |

## Оқытушы басшылығымен студенттердің өзіндік жұмысы

Құттықтау кезінде қолданылатын сөйлеу әдебі.

Speeches used in Congratulation.

**1-тапсырма.** Мәтінді оқып, жаттап алыңыз (Read the text and learn it by heart)




**2-тапсырма.** Сөздер мен сөз тіркестерін жазып, жаттап алыңыз (Write down the words and word-combinations and kearn them by heart).

Туған күн, құтты болсын, денсаулық, мықты болсын, бақытты өмір, озат, мейірімді бол.

**3-тапсырма.** Досыңызға туған күніңмен немесе мерекемен құттықтау жазыңыз (Write a letter of congratulation on the birthday or the holiday to your friend).

**4-тапсырма.** Диалогті толықтырыңыз (Complete the dialogue).

- Сәлем!
- ...
- Қалың қалай?
- ...
- Бүгін менің туған күнім.
- Туған күнің ...... . Бақытты .... тілеймін.
- ...
- **...**

## Қорытынды

Оқу құралы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің «Қазақ тілі» пәні бойынша Типтік оқу бағдарламасы негізінде әзірленді.

Авторлардың оқу құралын жазудағы мақсаты – мемлекеттік тілдің А1 деңгейін мейлінше тиімді және қарапайым түрде меңгерту. Оқу құралының басты жетістігі де осы. Өйткені деңгейгше сай жаттығу жұмыстары әдістемелік тұрғыдан сауатты берілген. Тіл үйренушілердің берілген материалдарды білуіне, түсінуіне, қолдануына ыңғайлы түрлі жұмыстар қамтылған. Білім алушылардың танымдық қабілеттерін де дамыту үшін берілген интеграцияланған-шығармашылық сипаттағы түрлі тапсырмалар оқытуды ізгілендіруді қамтамасыз етеді. Мысалы, Отан, тіл, отбасы, экология, мәдениет, қоғам және т.б.

Оқу құралының білім беру, тәрбиелік және дамытушылық мақсаттары білім алушылардың түрлі құзыреттіліктерін дамытуға ықпал етеді.

Жалпы оқу құралының мазмұны тіл үйренушілердің коммуникативтік, тілдік және мәденитанушылық құзыреттіліктерін қалыптастыруға және жетілдіруге бағытталған.

Оқу құралын жазу барысында оқытушылардың бірнеше жылғы іс-тәжірибелері назарға алынды. Лексикалық минимумға сай берілген түрлі жаттығулар білім алушылардың тіл үйренуі барысында қызығушылықтарын тудыратынына сенімдіміз.

Бұл авторлардың мемлекеттік тілді шетелдік білім алушыларға үйрету жолындағы алғашқы тиімді баспалдақтарының бірі болары сөзсіз.

**Әдебиеттер:**

1. Т.Қ.Зайсанбаев, Г.Ә.Карипбаева, Б.Н.Канленова, АҒЫЛШЫН ТІЛІ (шет ел студенттеріне арналған) THE KAZAKH LANGUAGE (for foreign students), АЛМАТЫ, 2015
2. ҚР «Тілдер туралы» Заңы, 1997 ж.
3. Қазақ тілі, базалық деңгей А2, Г.Қ. Досмамбетова, А.К. Балабеков, А.Т. Бозбаева-Хунг, Ә.Ж. Хазимова, Б.О. Салыхова. Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2016-320 бет. 2016
4. Қазақ тілін қарапайым деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы. – Астана, 2017. – 39 бет.
5. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 бет
6. Орфографиялық сөздік. Алтыншы басылым / Құраст.: Н. Уәли, Қ. Күдеринова, А. Фазылжанова, Ж. Исаева, Н. Әміржанова, А. Әмірбекова. – Алматы: «Дәуір» баспасы, 2013. – 720 б.
7. Сытдыков К. Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен қызметі. - Алматы, 1956.
8. Оразымбетова Ғ.Д., Сәлім Е.Қ. Қазақ тілі: оқу құралы, -Қарағанды: Ақ нұр, 2013. -166 б.
9. Доскеева Б.Ж. Қазақ тілі (медициналық оқу орындарына арналған), Алматы «Қайнар», 2002 ж.
10. Доскеева Б.Ж. Медициналық қазақ тілі, Алматы, 2014.-220 б.
11. Доскеева Б.Ж. Медициналық қазақ тілі, Алматы, 2014.-242 б.
12. Доскеева Б.Ж. Қазақша сөйлейміз: бастауыш деңгей/Б.Ж.Доскеева,-Алматы, 2013. 152Мб.
13. Сабитбекова М.М., Ербатыр Б.Ө., Абдуллина Л.Н., Утаргалиева Ш.Ш., бекнияз Ж.А., Қожабекова Ж.Қ. Қазақ тілі (медициналық ЖОО студенттеріне арналған оқу құралы), Ақтөбе-2016.-210 б.
14. Нұржан Ж. Қазақ тілін оыту технологиясы, Ақтөбе-2010. -203 б.
15. Нұржанова Ж. Есімдік тақырыбын оқытудың тиімділігі (методикалық нұсқау). Алматы: Изд-во РИО, №197, 1990
16. Нұржанова Ж. Аралас сабақты оқыту үлгісі, Ақтөбе университетінің Ғылыми-баспа бөлімі, 199 ж.
17. Мамаева М.Қ., Жолшаева М.С. Тіл-құрал. Қазақ тілін меңгеру деңгейін тестілеу әдісімен бағалау емтиханына дайындық үшін оқу-әдістемелік құралы. А1 (Қарапайым деңгей) – Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011. – 250 бет.
18. Досмамбетова Г.Қ., Балабеков А.К. и др. Қазақ тілі А1 элементарный уровень — Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2012. — 164 бет. — ISBN 978-601-7185-62-6.
19. Жантілеуова Л. Қазақ тілі сабақтары қарапайым деңгей А-1 қарапайым деңгейге арналған оқу құралы. — Астана, «Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы»

РМҚК, – 2015. — 96 б.
20. Күзекова З.С., Аяпова Т.Т. және т.б. Қазақ тілін меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы. А1 Қарапайым деңгей. Жалпы меңгеру. Астана: Национальный центр тестирования, 2011 - 30 страниц.
21. English - Kazakh medical dictionary/ T. A. Momynov [et al.]. -Almaty, 2014. -552 p.
22. Ағылшынша- қазақша сөздік: 20000 сөз/ С. Г. Ахметова [және т.б.]. -3-ші бас.,өнд., толық. - Алматы: Мектеп, 2006. -400 б.
23. Мажитаева Ш.М.Русско - англо - казахский разговорник/ Ш. М. Мажитаева, А. А. Мухаметкалиева. -Алматы: Эверо, 2015.-112 с.
24. Тажутов А. Үлкен ағылшынша-қазақша сөздік/ А. Тажутов. -Алматы: Сөздік-словарь, 1999. -800 б.
25. Фромкин В. Тіл біліміне кіріспе: оқулық/ В. Фромкин, Р. Родман, Н. Хайамс. -10-ші бас. -Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. -608 б
26. Тажутов А. Ағылшын тілінің грамматикасы/ А. Тажутов. -Алматы: Сөздік-словарь, 1999. -24 б.
27. Ахметов М.А. Русско- казахско- английский медицинский словарь/ М. А. Ахметов. -Алматы: Сөз- Слово, 2006. -512 с.
28. Cambridge Learner`s Dictionary: словарь, 2001. -765 с.
29. З.Ш. Ерназарова., Күзекова З.С., Тымболова А.О. Қазақ тілін оқытуға арналған грамматикалық анықтағыш. — Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2012. — 308 б.
30. Қазақ тілі. Тілдарын[Мәтін]: Жұмыс дәптері. А-1 / Бас ред.: М.Жапарова т.б.- Астана: Шаңырақ-Медиа, 2012.- 127(1)б.\
31. Жантлеуова Л.С. “Қазақ тілі сабақтары” оқу құралы А1 қарапайым деңгейге арналған оқу құралы-Ақтөбе,2014-96 б.
32. Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тіліне тән 9 дыбысты оқыту үлгісі (әдістемелік оқу құралы) / Ж. Нұржан,; ҚР Білім және Ғылым министрлігі, Ақтөбе мемл. педагог. ин-ты - Ақтөбе : 2011.-90 б.,
33. Досмамбетова Г.Қ., Балабеков А.К., Бозбаева-Хунг А.Т., Сейсенова А.Д. Қазақ тілі: қарапайым деңгейге арналған оқулық. Ұлттық тестілеу орталығы. – Астана, 2016.
34. Қазақстан Республикасының Ұлттық стандарты. Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Қарапайым деңгей. Жалпы меңгеру. ҚР СТ 1926-2015. – Астана, 2015
35. Аяпова Т. Қазақ тілі (Казахский язык для начинающих): учебное пособие/ Т. Аяпова. - Алматы: Ана тілі, 2004. -96
36. Доскеева Б.Ж. Қазақша сөйлейміз (бастауыш деңгей): оқу құралы/ Б. Ж. Доскеева. - Алматы, 2010. -220 б.
37. Нарaлиева Р.Т. Амирова М.Ж. Масимбаева А.А. Қазақ тілі. Оқиық, үйренейік, сөйлесейік: оқу-әдістемелік құралы. ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ, 2015.– 44 б.

38. Күзекова З., Ақбұзауова Б. Қазақ тілі А1. Бастапқы деңгей: Оқу құралы / Ақбұзауова Б. Күзекова З.; Ред.: Д.Жарылғасын.- Астана: Сенім, 2018.- 121(1)б.
39. Нaралиева Р.Т. Тойғанбекова М.Ш. Қазақ тілі: өзгетілді аудиторияның студенттеріне арналған оқу құралы. ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ, 2018. – 148 б.
40. Абдрахманова Ж.Ә. Қазақ тілі: оқу құралы. ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ, 2015. – 112 б.

МАЗМҰНЫ

№1. Танысу
(Acquaintance) Introduction ..........................................

№2. Мен және қоршаған орта
(I and the environment) ....................................................

№3. Оқу орны
(Educational institution) ..................................................

№4. Туған жерге саяхат
(Traveling to the native land) ..........................................

№5. Кітапханада
(At the library) .................................................................

№6. Менің мекенжайым
(My address) .....................................................................

№7. Уақыт, сағат
(Time, hours) .....................................................................

№8. Жыл мезгілдері, апта күндері
(Seasons, week days) ........................................................

№9. Күн тәртібі
(My working day) ..............................................................

№10. Сауда орталықтарында
(At the supermarkets) ........................................................

№11. Тағам (Food) ..........................................................

№12. Денсаулық (Health) .................................................

№13. Киім (Clothes) .........................................................

№14. Адамның мінезі мен қасиеттері
(Character and behavior of a person) .................................

№15. Мерекелер (Holidays) .............................................